

#КүшімізБірлікте

Ең басты міндетіміз – мемлекеттілігімізді сақтап қалу. Сын-қатерлер аз емес. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық, бір ұлт болып ұйысып, ел үшін қызмет етейік.

(Мемлекет басшысының ой-орамдарынан).

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



МАНДАТ ИЕСІ
ең алдымен мемлекеттің мүддесін бірінші орынға қоюы керек

5

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



МЕГАПОЛИСТІҢ МӘДЕНИ МЕКЕМЕЛЕРІ

6

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ



АНЫҒЫНА ЖЕТПЕЙ, жалған ақпарат таратпаңыз!

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.02.2023

Түнде:



0...+2 °C

Бұлтты, жауын-шашынсыз, тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+4...+6 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар). Таңертең тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

5.02.2023

Түнде:



-3...-5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+3...+5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар). Таңертең тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №18 (6311) 4 ақпан, сенбі, 2023 жыл.

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCk23M2x7JCHx68r1JgqyqEA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІР ЕЛ, БІР ХАЛЫҚ, БІР ҰЛТ

болып ұйысып, ел үшін қызмет етейік



Мемлекет басшысының Жамбыл облысына жұмыс сапары жазушы Шерхан Мұртаза ескерткішіне гүл шоғын қоюдан және ескерткіш жанында жергілікті зиялы қауым өкілдерімен жүздесуден басталды.

Президент жазушының баласы ретінде шығармашылық адамдарын әрқашан қолдайтынын атап өтті. Сондай-ақ, еліміз дамып, өркендеуі үшін алдағы саяси науқандар кезінде де, ең алдымен, ауызбіршілік қажет екеніне назар аударды. «Ең басты мәселе – әділ, ашық болу керек. Осындай лайықты адамдар біздің Парламентке келсе, еліміздің дамуына үлес қосады деп үміттенемін. Дүние жүзінде болып жатқан жағдайды өздеріңіз жақсы білесіздер. Ішкі саясат та, сыртқы саясат та сындарлы, салмақты болуы керек. Ең басты міндетіміз – мемлекеттілігімізді сақтап қалу. Сын-қатерлер аз емес. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық, бір ұлт болып ұйысып, ел үшін қызмет етейік, – деді Мемлекет басшысы.

2

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

DIGITAL ALMATY 2023

Цифрландыру – бүгін мен болашақтың бейнесі



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда «Digital Almaty 2023» халықаралық цифрлық форумы өтті. Ол 2018 жылдан бастап бесінші рет өткізіліп келеді. Форумның басты тақырыбы – инновациялық технологиялар индустриясын дамытудың заманауи жаһандық сын-қатерлері мәселесін көтерді.

3

ҚЫСҚА...

- Президент «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовті қабылдады.
- Мемлекет басшысы Жамбыл облысына жұмыс сапарымен барды.
- 2023 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Президент Жарлығы шықты.
- Әлихан Смайылов радиожігілік спектрін синхрондауды ұсынды.
- Үкіметте бірқатар өңірлердегі су тасқыны жағдайы талқыланды.
- Алматыда 4-5 ақпанда ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өтеді.
- Шаһарда 10 ақпаннан жаңа автобус маршруты іске қосылады.
- Алматыда еліміздің үздік ғалымдарын марапаттау рәсімі өтті.
- ҚР ДСМ: Қазақстанда онкопатологиядан болатын өлім-жітім 9%-ға төмендеді.
- ҚР ИИДМ: 2023 жылы елімізде 149 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған.
- ҚР ТЖМ: «Tau Go» смарт-навигаторы мобильді қосымшасын іске қосу бойынша жұмыс жүргізілуде.
- Туристтік навигацияның бірыңғай жүйесі құрылады.
- Алматыда шетелдік автокөлікті заңдастыруға 10 мыңнан астам өтініш түсті.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжановты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қауымдастықтың былтыр атқарған жұмыстарының қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды. Исламбек Салжановтың айтуынша, Көкпар, Жамбы ату, Аударыспақ, Теңге ілу, Бәйге, Құсбегілік, Дәстүрлі садақ ату, Тоғызкұмалақ және Асық ату секілді ұлттық спорт түрлерінің федерациялары қауымдастық аясына біріктірілген.

2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге берген Қазақстанның өтінімін былтыр қыркүйек айында Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясы бірауыздан қолдаған болатын. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы елімізде өтетін осы ауқымды шараны сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысының айтуынша, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорт шараларымен шектелмеуі керек. Аталған халықаралық спорт сайысы колөнер, туризм, қызмет көрсету саласы сияқты шағын және орта бизнес өкілдері үшін де тиімді ұйымдастырылып, олардың кәсіптерін ілгерілетуге жағдай жасалуы, ұлттық спорт түрлерінің даму тұжырымдамасы әзірленуі қажет. Ат спорты ойындарындағы қауіпсіздік мәселесін қарастыру да маңызды бағдар ретінде аталды.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар бірқатар заңды қарап, мақұлдады.

Палата отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды да қарап, қабылдады. Бұл құжат еңбек дауларын реттеу және келіссөздер процестерін ұйымдастыру мәселелері бойынша елдің заңнамасын жетілдіру үшін әзірленді. Жаңа түзетулер келісім комиссиясының қызметіне, ұжымдық еңбек дауларын шешудегі кәсіподақтардың рөлін нақтылауға, жиналыстар немесе ескерту ереуілдері өткізілуі мүмкін жағдайларға және басқа да тиісті жайттарға қатысты мәселелерді қамтиды.

«Мемлекет басшысы еңбек дауларына қатысты құқықтық қатынастарды қосымша реттеу мәселесін бірнеше рет көтерген болатын. Соған сәйкес әзірленген бұл заң осы саладағы отандық заңнаманы жетілдіруді көздейді. Жалпы, дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін қолдану – құқықтық саясатты дамытудың маңызды бағыттарының бірі. Осы заң арқылы жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі қайта қаралады. Сондай-ақ, келісу және татуластыру комиссиясының мәртебесі күшейе түседі. Алдағы уақытта жаңа нормалар жұмысшылардың құқықтарын қосымша қорғауға және еңбек дауларын азайтуға ықпал етеді деп сенеміз», – деді Сенат Төрағасы.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ЕАЭО шеңберінде электрондық көлік құжаттарына көшуе шаяқырды.

Digital Almaty бесінші форумы аясында өткен «Жаңа болмыстағы цифрлық әріптестік» пленарлық сессиясында ЕАЭО елдері арасындағы цифрлық кедергілерді жою, сауда және экономиканың басқа да салаларында инновациялық шешімдер енгізу мәселелері, сондай-ақ негізгі жаһандық технологиялық трендтер талқыланды.

Әлихан Смайылов ЕАЭО елдерінің IT-нарықтарын дамытуға мультипликативтік әсер беру үшін сенімді платформа қажет екенін айтты. Бұл тұрғыда жергілікті және аймақтық деңгейде белсенді ойыншыға айналған Astana Hub технопаркінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға болады. Премьер-Министр интеграцияны күшейтудің және жалпы Еуразиялық ауқымдағы жобаларды іске асырудың маңыздылығын айтты. Оның айтуынша, осы істің тұсаукесері ретінде Алматыдағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ірі цифрлық бастамаларды қалыптастыру және жүзеге асыру алаңы – Цифрлық құзыреттер орталығын құруды атауға болады. Әлихан Смайылов логистикалық компаниялар үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан электрондық көлік құжаттарына көшу жұмыстарын жүргізіп жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, мұндай тәжірибені ЕАЭО аумағында енгізуге мүмкіндік бар, атап айтқанда, барлық шетелдік рұқсат бланкілерін электрондық форматқа ауыстыруға болады.

«Қағазбастылықты алып тастау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады, өзара сауданың ашықтығын арттырады және ең бастысы, бизнеске өз шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді», – деді спикер. Ол тұжырымдағандай, ЕАЭО елдерінің өзара сауда саласындағы электрондық іс-әрекетін дамыту тағы бір маңызды тақырып болып табылады.

■ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Сенатор Нұртөре Жүсіп «цифрлық аутизмнің» таралуына алаңдаушылық білдіріп, аталған проблеманы шешуге арналған шаралар кешенін, оның ішінде жаппай ретинопатия мен жаңа туған нәрестелердің аудиологиялық скринингін жүргізуді ұсынды.

Ғалымдардың айтуынша, аутизм – «XX ғасырдың обасы». Ал цифрлық аутизм – XXI ғасырдың дерті. Сенатор Нұртөре Жүсіп өзінің депутаттық сауалында осындай пікір айтты. Депутат қазіргі таңда бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да «цифрлық аутизм» белгілері байқала бастағанын атап өтті. Балалар смартфонды ұзақ ұстауы салдарынан есте сақтау, көру және сөйлеу қабілетінен айырылып жатыр. Олардың өз бетінше ойлауы, ұзақ мәтіндерді қабылдауы, айналаға назар аударуы қиында соғып отыр. «Жеті атасын жатқа білетін ұрпақ орнына жеті ауыз сөзді әзер айтатын толқын пайда болды. Скринэйджер, зуммер, немесе Z – ұрпақ – өз өмірін электронды құрылғысыз елестете алмайтын жаңа буын. Қазіргі таңда логоневроз ауруы мен турет синдромы күшейе бастады. Тұтас ұлт пен ұрпақ үлкен қауіп алдында тұр. Ата-аналардың 65 пайызы балаларына 3–5 жасан гаджет ұстатады. Бір сөзбен айтқанда, қолына «смартфон ұстап туған» буын өмірге келді», – деді депутат.

Гаджетизация мен заманауи технологияға қарсы тұру да дұрыс емес екенін айтқан сенатор осыған байланысты мектептер мен балабақшалардағы ата-аналар комитеттеріне, сондай-ақ салалық үкіметтік емес ұйымдарға киберманияның зияны туралы белсенді түрде айтып беруін ұсынды. Депутат сонымен қатар, өскелең ұрпақтың денсаулығына бақылау жүргізуге тікелей байланысты ұсыныстарын да ортаға салды: «Үкіметке жаңа туған нәрестелерді жаппай ретинопатия және аудиологиялық скринингтен өткізудің сапасына мән беруді, Алматы қаласындағы А.Островский атындағы зағип және көзі нашар көретін балаларға арналған №4 мектеп-интернатқа қосымша ғимарат салуды ұсынамыз. Сонымен қатар, логопед және офтальмолог мамандықтарына бөлінетін мемлекеттік грант санын көбейткен маңызды», – деді Нұртөре Жүсіп.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz;

ҚР Президенті жанындағы

Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІР ЕЛ, БІР ХАЛЫҚ, БІР ҰЛТ

болып ұйысып, ел үшін қызмет етейік



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы белгілі қаламгердің ұлт руханиятын дамытуға зор үлес қосқанын айтты. «Шерағаң – халқымыздың біртуар азаматы, заңғар жазушы десек, артық айтқандық емес. Жас кезімізден бастап біз бәріміз оның «Қызыл жебе» романын, басқа да шығармаларын оқыдық. Әсіресе, «Бір кем дүние» туындысы әлі күнге дейін өзекті. Халқымызға, әсіресе, жастарға рухани азық болған дүние деп айтуға болады. Сондықтан жазушының ескерткішіне арнайы келіп, тағзым етіп отырмыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында жергілікті зиялы қауым өкілдері елді толғандыратын мәселелерді айтып, өз ойларын ортаға салды. Олар Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси реформаларды қолдайтынын жеткізіп, шығармашылық адамдарына мемлекеттің көрсетіп жатқан қамқорлығы үшін алғыс айтты.

Сапар барысында Президент Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының Студенттер үйінде оқу орнының оқытушылармен және студенттермен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің білім саласына айрықша

мән беріп отырғанын атап өтіп, бүгінде білім аламын деген адамға мүмкіндік мол екенін айтты.

– Еліміздің болашағы – жастар. Жаңа буын, жаңа толқын өсіп келеді. Білім алу өте маңызды. Абайша айтқанда, «толық адам» дегеніміз – ойы ұшқыр, зерек, білімге құштар адам. Әр нәрседе қанағат болуы керек. Бірақ білімге келгенде, қанағат болмауы керек. Әрдайым іздену керек. Еліміздің болашақта дамып, көркейген елге айналуы, алдымен, сіздерге байланысты. Біз сіздерге сенеміз, үлкен үміт арттамыз. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Мемлекет басшысы.

■ БРИФИНГ

МЕГАПОЛИСТЕ МЫҢНАН АСА КӨЛІК ТІРКЕЛДІ

Алматыда шетелдік автокөліктерді заңдастыру жалғасып жатыр.



Досбол
АТАЖАН

Мегаполисте шетелдік автокөлікті тіркеуге жіберілген 10 327 мың өтінімнің 1649-ы мақұлданып, рәсімнен өтті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы басшысының орынбасары Болатбек Баятанов айтты.

Айта кеткен жөн, 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген шетелдік автокөліктерді біржолғы тіркеу Мемлекет басшысының тапсырмасына орай орындалып жатыр. 23 қаңтарда еліміздің барлық мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталықтарында ресми заңдастыру басталды.

«Шетелдік көлікті тіркеуге екі жолмен өтініш беруге болады. Біріншісі, арнайы ХҚКО арқылы болса, өтініш берудің екінші түрі – электрондық үкімет порталы арқылы. Ресми тіркеудің негізгі шарттары – көлік бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткені үшін 200 000 теңге мөлшерінде жарна төлеуі қажет», – деді Б.Баятанов.

Бұл ретте көлік құралы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1. Қазақстан Республикасы аумағына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген;
2. Көлік іздеуде болмауы керек;
3. Бұрынғы тіркеу орны бойынша мемлекеттік есептен шығарылған;
4. Кедендік тазартудан өткен.

Б.Баятановтың айтуынша, Алматының арнайы ХҚКО-ларында кезек жоқ. Автокөлікті қысқа мерзімде заңдастыруға болады. Өтінішті қарау және шешім қабылдау мерзімі небәрі 2 күнді құрайды.

■ ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САПАЛЫ ӨНІМ, АРЗАН БАҒА

Алматыда 4-5 ақпанда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді

Алдағы демалыс күндері сағат Алматыда Алматы облысының жақын маңдағы Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандары шаруа қожалықтарының және Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындарының қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіледі. Сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін жәрмеңкеде 50-ден астам өнім түрлері (ет-сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары және т.б.) болады.

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі мына мекенжайда өтеді:

1. Алмалы ауданы (Гоголь көшесі – Масаншы көшесі);
2. Бостандық ауданы («Қазақфильм» ш/а.);
3. Әуезов ауданы (Абай даңғылы – Өтеген батыр көшесі);
4. Медеу ауданы (Мендікұлов көшесі – Бектұров көшесі және Шевченко көшесі – Қонаев көшесі);
5. Түрксіб ауданы («Жұлдыз» ш/а).

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңкеге 250 тонна өнім әкелінеді. Оның 40 тоннасы ет өнімдері, 130 тоннасы жеміс-көкөніс, 15 тонна сүт өнімдері, 5 тонна балық өнімдері, 60 тоннасы өзге де өнімдер.



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

DIGITAL ALMATY 2023

Цифрландыру – бүгін мен болашақтың бейнесі

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Форумның салтанатты ашылуында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев құттықтау сөз сөйледі.

– «Digital Almaty» бүгінде бизнес өкілдерінің, халықаралық сарапшылар мен IT-қоғамдастық кездесетін бірегей алаңға айналды. Басты басымдықтарымыздың бірі – IT-саланы дамыту. Қазақстандық IT-нарық қазірдің өзінде 10 мыңнан астам IT-компаниялар мен осы салада жұмыс істейтін 150 мыңнан астам адамды қамтиды. IT-индустрияда жұмыс істейтін бір адам аралас салаларда 3 жұмыс орнын ұйымдастырады, – деді Бағдат Мусин. Сондай-ақ, ол форумда IT-индустрияның заманауи тенденцияларын ғана талқыланып қоймай, сонымен қатар оны тәжірибеде қолдану үшін ең тиімді шешімдер пысықталатынын атап өтті.

Өз сөзінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполиске цифрландыруды енгізу деңгейі Қазақстандағы ең жоғары көрсеткішке не екенін айтты.

– Алматыда цифрландырудың ену деңгейі – Қазақстандағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Бүгінде біздің қаламызда мемлекеттік қызметтердің 96%-ы цифрлық форматта жүргізіледі және бұл көрсеткіш үнемі өсіп келеді. Жақында қабылданған қаланың даму жоспарындағы 7 негізгі бағыттардың бірі – «Ақылды қала» құру. Биыл күзге қарай Сингапур және Шанхай сияқты мегаполистерге ұқсас қаламыздың «цифрлық егізін» құруды жоспарлап отырмыз. Алматының одан әрі дамуы үшін маңызды жобалар қаланы басқаруды жақсартуға мүмкіндік беретін өзге де жүйелі платформалық шешімдер болып табылады. Бұл қаланың Бірыңғай деректер қоймасы, геоаналитиканың бірыңғай платформасы. Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі биыл Алматының 80%-ын қамтиды. Бұл – цифрландыру үшін цифрландыру емес, ең алдымен, жайлы қалалық орта құру және қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – деді шаһар басшысы Е.Досаев.

Іс-шара бағдарламасында 29 панельдік сессия ұйымдастырылып, онда халықаралық және Қазақстандық IT-қоғамдастықтың атынан 150-ден астам спикер сөз сөйледі. Аталмыш шараның алғашқы күні almatydigital.kz сайтына 17 мың қатысушы тіркелген.

Бірінші күні пікірталасқа қатысушылар Қазақстандағы цифрлық майнинг индустриясын, мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясын, криптобиржаларды дамыту перспективаларын, білім беру саласындағы киберқауіпсіздік пен технология мәселелерін талқылады. Форумның екінші күні пленарлық отырыстан басталып, оған ЕАЭО елдерінің үкімет басшылары қатысты. Жалпы панельдік сессиялар барысында форумға қатысушылар технопарктердің дамуы, корпоративтік инновациялардың трендтері, цифрлық нарықтардағы деректерді реттеу мәселелері, креативті индустриялар және қоғамдық игілік үшін цифрландыру жайында сөз қозғашы.

Форум аясында «Индустрия 4.0» көрмесі, Astana Hub Battle, технологиялық марафон, стартаптар көрмесі және балалар робототехникасы бойынша халықаралық чемпионат өтті. Сонымен қатар, Digital Almaty Awards IT-сыйлығы беріліп, Tech



Garden Awards кәсіпорындарын цифрлық дамыту сайысының қорытындысы шығарылды.

Айта кеткен жөн, іс-шара ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Tech Garden және Astana Hub қолдауымен ұйымдастырылды.

КРИПТОВАЛЮТА ТӨЛЕМ ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛА МА?

Digital Almaty форумында панельді сессия қатысушылары цифрлық әлемге қатысты көптеген мәселелерді талқылады. Олардың қатарында майнингтің даму басымдықтары туралы да айтылды.

Қазақстандық блокчейн-технологиялар қауымдастығының төрағасы Сапар

сектордың басты мәселелерін шешуді көздейтін цифрлық активтер туралы заң қабылданғанын еске салды.

«Көптеген елдерде криптовалюталар төлем құралы ретінде қолданылады. Бізде оған Ұлттық банк әлі дайын емес, дегенмен болашақта жетеміз деп ойлаймын», – Г.Байтұрсынов.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ӘЙЕЛДЕРГЕ ДЕ ПАЙДАСЫ КӨП

Форум барысында талқыға түскен тақырыптар қатарында «әйелдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында цифрландыру» мәселесі болды.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комис-

сивті форматта кепілді мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТ ІТ ЕНГІЗУ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕЙТІН БОЛАДЫ

Қазақстандық кәсіпорындарда заманауи цифрлық технологияларды енгізу басымдықтарын «Индустрия 4.0: автоматтандырудан цифрландыруға» панельді сессиясы шеңберінде Digital Almaty V Халықаралық цифрлық форумның қатысушылары талқылады.

«Біз мемлекеттік қолдау шараларын қайта қарадық. Мемлекет ІТ енгізу шығындарын өтейтін болады. Өнеркәсіп орны өз кәсіпорнында ІТ-инфрақұрылымды дамытуға қандай да бір шығынға ұшыраған жағдайда, біздің өнеркәсіпті дамыту институты арқылы шығындарының 50%-ын өтей алады. Бұл жайлы арнайы нормативтік-құқықтық актілер қабылданды», – деп атап өтті Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Динара Шеглова.

Оның айтуынша, қазір министрлік роботтандыруды дамыту мәселесін жеке қарастырып жатыр.

«Біз роботтандыру тұжырымдамасын, кәсіпорындар үшін алдағы 2-3 жылға арналған қысқа мерзімді жоспар жазуды, мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруды жоспарлап отырмыз және индустриялық гранттар беру мәселесі пысықталуда», – деп нақтылады вице-министр.

КЕЛІСІМГЕ КЕЛГЕН КҮНДЕР

«Digital Almaty 2023» форумы аясында ұлттық компаниялар шетелдік әріптестермен бірқатар келісімдерге келді.

Корея Республикасының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жұмыс жасайтын National Information Society Agency (NIA) компаниясы және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ 3 жыл мерзімге ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Сонымен қатар, Алматыда ұйымдастырылған форум барысында құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін киберқауіпсіздік саласындағы білім туралы Меморандумға қол қойылды. Форум шеңберінде «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы», Binance Kazakhstan Technologies Ltd, Astana Hub халықаралық технопарк және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы Төртжақты келісімге қол қойды.

Айта кеткен жөн, форум барысында Қазақстандағы венчурлық капитал және тікелей инвестициялар қауымдастығы құрылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда венчурлық индустрияны сарапшылар шамамен 150 миллион АҚШ долларына бағалап отыр.

Жалпы форум барысында әртүрлі компаниялар 17 Меморандумға қол қойып, өзара келісімге келді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ахметов аталмыш салада жұмыс істейтін қазақстандық компаниялардың да айтарлықтай қиындықтарға тап болғанын айта кетті.

«Алайда, биыл біз оң үрдістерді байқап отырмыз. Мемлекет саланың даму үрдістеріне түсіністікпен қарайды. Бұл әуелі Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жобаның алғышарттары. Біздің қауымдастық үкіметпен және АХҚО-мен жұмысты биыл да жалғастырады», – деді ол.

С.Ахметов қауіпсіздік мәселелерін ескере және ақшаны жылытатуға қарсы іс-қимыл жасауға жағдай жасай отырып, Қазақстанда криптовалюта айналымын енгізу қажет екеніне сенімді. Қауымдастық өз тарапынан білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қарастыра бастады. Себебі, нарықта криптотрейдерлер мен алаяқтардың көбеюіне байланысты азаматтарды сауаттандыру қажет.

Электронды өнеркәсіп және цифрлық активтер индустриясын дамыту департаменті директорының орынбасары Ғизат Байтұрсынов Парламент отырысында осы

сия төрағасының орынбасары Ләззат Рамазанова бүгінде Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігі белсенді дамып келе жатқанын, алайда оның едәуір бөлігі ұсақ және шағын бизнес сегментінде шоғырланғанын атап өтті.

«Ұлттық комиссия шеңберінде Қазақстанның әр облысында әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталықтарын ашу жобасы пилоттық режимде іске қосылды. Бұл бірегей жоба, сол себепті кәсіпкерлік кодексінде «әйелдер кәсіпкерлігі» ұғымы болмаса да, біз осы бағытта қозғаламыз. Бұл – кәсіпкер әйелдердің зор еңбегі! Бүгінге дейін осындай 20 орталық ашылды, көрсетілген қызмет саны 30 мыңнан асады», – деді ол.

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі ұлттық сарапшы Светлана Жақыпова қазір іске асырылып жатқан, түрлі мемлекеттік органдар мәліметін жинақтайтын арнайы ақпараттық жүйе – «Отбасының цифрлық картасы» жобасы туралы айтып берді. Бұл жүйе азаматтардың әлеуметтік әл-ауқат деңгейін анықтауға және оларға проак-



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТОР

Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары «Бозоқ» ұлттық саябағы аумағындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Комитет төрағасы Нұртілеу Жүсіп ұлтымыздың мәдени және тарихи мұрасы мемлекет дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын, ал көне «Бозоқ» қалашығы сияқты нысандар дала өркениеті мәдениетінің қалыптасу және даму тарихын көрсететінін атап өтті.

Ғалымдар кездесу барысында көне Бозоқ қалашығын жаңғырту және хронологиялық 5 тарихи кезеңді бейнелейтін археология ескерткіштерінің түпнұсқалығын сақтай отырып, Ботай, сақтар, ғұндар мен түріктердің тарихи кешендерін қалпына келтіру – жобаны іске асырудың негізгі мақсаты болып табылатынын депутаттарға айтып берді. Ұлттық саябақ жұмыс істеп тұрған кезінде ежелгі қоныстарда материалдық емес мәдени мұра бөліктері негізінде мәдени-білім беру іс-шараларын өткізу жоспарланып отыр. Сенаторлар өз кезегінде «Бозоқ» ұлттық саябағы еліміздің туристік картасындағы тартымды орынмен қатар, ғылыми-шығармашылық жобаларды жүзеге асырудағы маңызды алаңға айналуы тиіс екенін айтты.

■ МИНИСТР

Кәсіпкерлер ескірген талаптарды сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатылады – ҚР ҰЭМ.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеуді іске асыру барысы қаралған Үкімет отырысында бүгінгі таңда реттеудің барлық 44 саласы қаралғанын, 2823 нормативтік-құқықтық актіге талдау жасалғанын баяндады. Нәтижесінде мемлекеттің жаңа реттеуші саясатының шарттарына сәйкес келмейтін бизнеске қойылатын 10 108 талап анықталды.

Реттеу салаларын талдау қорытындысы бойынша Smart Data Ukimet платформасында кәсіпкерлік саласындағы Миндетті талаптар тізіміне іске қосылды, ол реттеуші актілерді тұрақты негізде қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл ретте бизнес-ортаға теріс әсер ететін талаптарға қатысты «Реттеуші гильотина» әдісі қолданылатын болады. Ол кәсіпкерлерді талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен босатуы қарастырады.

Сонымен қатар, министр 2022 жылы мемлекеттік бақылаудың 35 саласы автоматтандырылғанын, мемлекеттік органдардың 16 ақпарат жүйесі Smart Data Ukimet-ке интеграцияланғанын айтты. Қалған 35 саланы автоматтандыруды 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

■ ТӨРАҒА

Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті қажылыққа барушыларға ресми туроператорлардың қызметтерін пайдалануға кеңес берді.

«Бұл қызметі ресми тіркелмеген туркомпанияларға қатысты өз міндеттемелерін орындамауы туралы туристерден келіп түскен шағымдарға байланысты», – деп хабарлады ҚР МСМ баспасөз қызметі. Өйткені, кейбір туристер Мекке мен Медина қалаларында қиын жағдайға тап болады. «Біз туристерді туроператорлардан лицензияның бар екендігін растайтын құжаттарды сұрауға шақырамыз», – деді Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рыспеков.

Бекітілген ереже бойынша, жыл сайын діни бірлестік пен қабылдаушы ел арасында туроператорлық қызметті жүзеге асыру үшін келісім жасалады. Сондай-ақ, діни туризм саласындағы туроператорлардың екінші деңгейлі банкпен ҚР азаматтарының құқығына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің пайдасына жасалған шарты болуы қажет. «Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы» бірлестігінде қажылыққа қатысты сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретін Call-орталық жұмыс істейді: +7 (717) 233-30-30.

■ ПОРТАЛ

Биылғы жылдың басынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шамамен 18,4 мың мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын, 200 – ымдау тілі қызметін, 2 мың – жеке көмекшінің қызметін алды.

Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифло-техникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды. Бүгінгі күні Порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 841 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 308 ОТҚ жеткізуші, 26 мыңнан астам жеке көмекші, 669 ымдау тілін қызметін және 95 санаторлық-курорттық емдеуді жеткізушілер тіркелген.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде қарастырылған.

Қолдауға арналған байланыс орталығына 1414 бірінші нөміріне қоңырау шалып, тілді таңдау және 5 санын басу арқылы Порталды пайдалану бойынша кеңес алуға болады.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жасаындағы Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ».)

■ ӘЛЕУМЕТ

ҚОЛДАУДЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРІ БАР

халықтың әлеуметтік осал топтары үшін өзекті мәселелер талқыланды



Әлеуметтік қызметтер үйінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың төрағалығымен Әлеуметтік және еңбек саласы мәселелері жөніндегі алқа отырысы өтті.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оларды оңалту шаралары мемлекетіміздің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Соның жарқын мысалы ретінде Алматы қаласындағы «Теп Qogam» әлеуметтік қолдау орталығының қызметін айтуға болады. Бүгінгі таңда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің мәліметі бойынша, оңтүстік астанада ерекше қажеттіліктері бар 54 991 азамат тұрады. Олардың барлығы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік қызметтердің өтемдік көмекші техникалық құралдарымен, курорттық емдеу қызметтерімен, протездік-ортопедиялық көмек пен ымдау тілі жағынан да қамтамасыз етілген», – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Алқа отырысында Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаменті, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, еңбек инспекциясы басшыларының, халықты жұмыспен қамту орталығы директорының, сондай-ақ

кеттік бюджет қаражаты есебінен мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес әлеуметтік қызметтердің өтемдік көмекші техникалық құралдарымен, курорттық емдеу қызметтерімен, протездік-ортопедиялық көмек пен ымдау тілі жағынан да қамтамасыз етілген», – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Алқа отырысында Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаменті, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, еңбек инспекциясы басшыларының, халықты жұмыспен қамту орталығы директорының, сондай-ақ



#ТАЗАҚАЛА

АУЛА ТАЗАЛАУ
ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Әуезов және Түрксіб аудандарындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында тазалықты қамтамасыз ететін мердігерлер анықталып, аула тазалауды қолға алды. Қала әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен биыл аулаларды тазартуға бюджеттен қаржы бөлінген болатын.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Жайық АЛТАЙҰЛЫ, Әуезов ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы:

– Қала әкімінің тапсырмасымен 1 қаңтардан бастап аула аумағын тазалау жұмыстары жүргізілуде. Әуезов ауданы бойынша 10 мердігер компания жұмыс істейді. Тұрғындар тарапынан қоқыс жәшіктері мен аула аумағындағы балалар ойнайтын алаңды тазалау жөнінде арыз-шағымдар бар. Сол бойынша тиісті шаралар қабылдануда. Кіреберіс, жаяу жүргінші жолдары, қоқыс жәшіктері тазаланады. Жұмыс барысы танертен сағат 8-ден кешкі сағат 17.00-ге дейін күнделікті жүргізіледі. Аудан бойынша 500-ден астам жұмысшы, 47 техника бар.

«Сайран», «Тастақ» ықшамаудандарындағы 16 аула тазалануда. Одан бөлек, қар жауғанда мобильдік топ жұмыс істейтін болады», – дейді мердігер ұйымның басшысы Руслан Жарасбаев.

Айдос БЕКЕТАЕВ, Түрксіб ауданы әкімінің орынбасары:

– Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен аулаларды тазалауға бюджеттен қаржы бөлінген болатын. Қазіргі таңда Түрксіб ауданында 594 аула бар. Осы аулаларға барлығы 36 мердігер компания қызмет көрсетеді. Дәл қазір Түрксіб ауданындағы «Алтай» ықшам-

ауданы, Майлин көшесі, 71 аула аумағына «Строй сервис» компаниясының 34 жұмысшысы және техникалар жұмылдырылды. Олар ауладағы мұзды ойып, қарды тазалайды, тротуарларды қардан тазартып, қоқыстардан арылтады, балалардың ойын алаңы да ретке келтіріледі. Біз барынша аула тазалаушы жұмысшылардың бәрін жұмыспен қамтуға, жұмыссыз қалдырмауға тырысамыз. Олар әркім өз жағдайына байланысты кейбірі толық жұмыс күніне келіседі, кейбірі денсаулығына, отбасылық жағдайына байланысты толық емес жұмыс күнін таңдайды. Жұмысшылардың арасында зейнет жасындағы адамдар да бар. Өркімнің еңбегіне қарай, жұмыс көлеміне қарай жалақысы төленеді.

Жайна БАЙКЕШОВА, Түрксіб ауданының тұрғыны:

– Түрксіб ауданының әкіміне, әкімнің орынбасарларына, Тұрғын үй шаруашылығы бөлімінің қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз. Ауламыз үнемі уақытында тазаланады. Аула тазалаушылар ай сайын келіп қарды тазалап, жолдарды ашып кетеді. Биыл қар мол түсті. Ауламыз көлеңке жақ болғандықтан көшелерге жиі мұз қатып, балалардың, қарт адамдардың жүруіне қиындық туғызатыны рас. Ал әкімдіктің жұмысшылары демалыс, мереке күндеріне қарамастан өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарайды, әрдайым келіп ауланы тазартып отырады. Сол үшін барша тұрғындардың атынан әкімшілікке ризашылығымызды білдіреміз.

жұртшылық өкілдерінің баяндамалары тыңдалды.

«Аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету және оларды қалалық бюджет есебінен әлеуметтік көмектің 18 түрі көзделген. Оларды 2022 жылы 63 184 аз қамтылған азамат алды, онда 2021 жылмен салыстырғанда алушылар саны 2,7%-ға азайды. Атаулы әлеуметтік көмекті 5234 отбасы немесе 26 мың адам көрсетеді, сондай-ақ бұл отбасылар 1 жастан 6 жасқа дейінгі 7662 балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет бойынша мемлекеттік қолдау алды. Айта кету керек, 2021 жылмен салыстырғанда кедейлік шегінің 16%-ға ұлғаюымен атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 1704 адамға немесе 6,5%-ға, кепілді табыс алған балалар саны – 15%-ға (8827 адамнан 7662 адамға дейін) жасқа байланысты өзгерістер мен отбасылардың табыстары есебінен төмендеді», – дейді Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаева.

«Ерте араласу» ғылыми, оқу-практикалық және әдістемелік орталығын құру мәселелері бойынша «Кеңес» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің директоры Майра Сүлеева, сондай-ақ Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Джепка Богдан 2022 жылы қолжетімділік мәніне қалалық инфрақұрылым объектілерін мониторингілеу жөніндегі жұмыстың қорытындылары және 2023 жылға қолжетімділік жөніндегі жұмыс жоспарлары туралы айтты.

Жалпы, кездесу шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін өзекті мәселелер талқылады.



АВИАЦИЯ

ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитеті Қытай Халық Республикасының авиациялық билік органдарымен бірлесіп, халықаралық әуе қатынасын одан әрі қалпына келтіру және ашу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде Қазақстан мен Қытай астаналары арасында тұрақты рейстерді қайта ашу мәселесін пысықтады, деп хабарлайды ААК Telegram-арнасы.

АЛМАТЫ–БЕЙЖІҢ

қалалары арасындағы әуе рейстерін аптасына 5 рейске дейін біртіндеп ұлғайту жоспарланып отыр

Ағымдағы жылдың 25 наурызынан бастап «Эйр Астана» әуекомпаниясы Астана–Пекин бағыты бойынша аптасына 3 рейс жиілігімен (дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі) ұшуды қайта бастауды жоспарлап отыр. Ұшулар А-321 LR типті әуе кемелерінде орындалады. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 13 ақпанынан бастап «Эйр Астана» әуекомпаниясы Алматы және Бейжің қалалары арасындағы рейстерді 1 рейстен (дүйсенбі) аптасына 5 рейске дейін (дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жұма, жексенбі) біртіндеп ұлғайтуды жоспарлап отыр. Ал көктемгі-жазғы навигация кезеңде аптасына 5-тен 7 рейске дейін кезең-кезеңімен одан әрі ұлғайтылу да жоспарланған. Ұшулар А-321 типті әуе кемелерінде орындалатын болады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы әуе рейстерінің ұлғаюы екі дос ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, туристік және мәдени-іскерлік ынтымақтастықты дамытуды жеделдетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ҚХР азаматтары үшін енгізілген 14 күндік визасыз режимді толыққанды пайдалануға ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЙЛАУ – 2023

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
филолог–ғалым, қоғам қайраткері:

Елімізде маңызды сайлау науқаны басталды. Парламент Мәжілісіне және мәслихаттарға депутаттықтан үміткерлерді сайлаймыз: партияларға дауыс беру арқылы, үкіметтік емес ұйымдар және өзін-өзі ұсынғандарды таңдау арқылы. Өз басым осы уақытқа дейін бірде-бір партияның мүшесі болып көрмеппін. Бірақ сайлауға бармай қалған кезім жоқ.

Туыстарымды, көршілерімді, таныстарымды сайлауға барып, дауыс беруге үгіттеп жүремін. Сонда бір байқағаным: жұрттың бәрі бірдей сайлау жауапкершілігін, азаматтық парызы, Отан алдындағы борыш дегенді терең түсініп, қабылдай бермейді. Белгілі бір партияның мүшесі болмасаң да осы елдің азаматысың ғой. Сайлауға қатысуға және сайлануға құқың бар. Кеңестік дәуірде неге билік мемлекеттік идеологияның жаршылары – зиялы қауым өкілдеріне сенбейді, ауылдағы жұмысшылар мен шаруаларды зорлағандай болып партия қатарына қабылдайды деп таңқалатынмын.

Тәуелсіздік алған жылдарымызда да дәл осы сайлауға байланысты қисынсыз қиғаштықтар көп орын алып келді. Биліктің бір ғана партияға бүйрегі бұрып тұратыны, пікір алуандығына, демократиялық үрдістерге кең жол ашылмауы, депутаттықтан үміткерлердің сайлаушылары алдында үйіп-төгіп уәде беріп, кейін сайланып алған соң төбесін де көрсетпей кететіні, т.б.

Бұған дейінгі сайлауларда партиялар арасындағы бәсекелестік шынайы көрініс тапқан жоқ. Сондықтан да сайлаушылардың белсенділігі төмендей берді. Енжарлық белең алды. Сенімсіздік жайлады. Ал енді бұл сайлау бұрынғыдан өзгеше болады деп жатыр ғой. Ең алдымен, партиялардың саны көбейеді екен. Жетеуге дейін жетеді. Ал сол партиялардың ішінде мемлекет мүддесі үшін, ұлт намысы үшін отқа да, суға да түсуге белін бекем байлағандары қайсысы?

Меніңше, халық соларды таңдауы керек. Ұлт намысы деген сөз – мемлекет намысы. Ал біз тәуелсіз мемлекетіміздің қадір-қасиетін жете түсіне алып жүрміз бе? Кеше ғана өткен Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты, Президентті таңдауға байланысты сайлауларда біз ұлт тағдырына қатысты аса маңызды үлкен сынақтардан өттік. Ал сол сынақтарда жинақтаған іс-тәжірибемізді, ұлтқа қызмет етудің ең басты бағыттарын ұстануды тағы да көрсетер кез жақындап келеді.

Халық таңдауы қалай жүзеге асады? Бұл ең алдымен менің, сенің және оның таңдауы арқылы жүзеге асады. Таңдауымыз әртүрлі болса да, тоғысар тұсы бір болса, ол халық мүддесі, ұлт мүддесі болса, қанеки. Енді сайлауға түсуге нартәуекел деп, бел буып, саяси додаға қатысуды мұрат тұтқан партиялар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын жариялай бастауға тиіс. Сайлаушылардың өздері дауыс беретін партияны таңдауы кездейсоқ, жөпелдемеде, асығыс қабылданған шешім болмауы керек. Бұл өзін-өзі ұсынатындарға да қатысты. Ұлт намысы оянуы керек.

Жүсіпбек Аймауытов жазады: «Қара халықтың мәдениетті болуынан – мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек». Өміріміздегі көп алшақтықтар, идея, мұрат жолындағы бірліктің болмауы осы жас ұрпақтың алғашқы қадамынан бастап ұлт рухын бойларына дарытып, ұлт намысын санасына сіңіріп, баулып, тәрбиелей алмауымызда жатыр.

Ертең депутаттық мандатқа ие болатын адам ең алдымен қазақтың мүддесін, мемлекеттің мүддесін бірінші

МАНДАТ ИЕСІ

ең алдымен мемлекеттің мүддесін бірінші орынға қоюы керек



«Халық таңдауы қалай жүзеге асады? Бұл ең алдымен менің, сенің және оның таңдауы арқылы жүзеге асады. Таңдауымыз әртүрлі болса да, тоғысар тұсы бір болса, ол халық мүддесі, ұлт мүддесі болса, қанеки. Енді сайлауға түсуге нартәуекел деп, бел буып, саяси додаға қатысуды мұрат тұтқан партиялар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын жариялай бастауға тиіс. Сайлаушылардың өздері дауыс беретін партияны таңдауы кездейсоқ, жөпелдемеде, асығыс қабылданған шешім болмауы керек. Бұл өзін-өзі ұсынатындарға да қатысты. Ұлт намысы оянуы керек.»

орынға қоюы керек. Біздің халық қалаушыларының ең бір осал тұсы осы. Мемлекеттік тілімізді менсінбейтіндердің депутат болып отырғанын көргіміз келмейді. Қазақ мүддесі, тағдыры шешілетін сын сағаттарда сырт қалатындарды Мәжіліс, мәслихат залдарынан көргіміз келмейді. Балаларын мемлекет қаржысымен шетелдерде оқытып (мәселен, «Болашақ» бағдарламасымен), кейін солардың Отанына бір тиын пайдасы тимейтін бөзекпе болып оралғанын немесе шетелде қалып қойғанын көргіміз келмейді.

Сайлаушылар депутаттыққа үміткер болып өзін-өзі

ұсынғандардың арасында ел таныған, мемлекетшіл, білімді, іскер азаматтардың болғанын қалайды. Бұрынғы депутаттардың арасында сондай тұлғалар болды. Солардың қайтадан сайлауға түсіп, ел сеніміне ие болуға әбден құқы бар. Оны енді әр партия өздері анықтайтын болады. Сондай-ақ, ел ішінде бар тапқан-таянғанын қазақтың ауылдарын көркейтуге, мәдениетін өркендетуге жұмсап жүрген азаматтар бар. Халық оларды құрметтейді. Ал халық құрметіне бөлену оңай емес. Осындай елге жанашыр, ұлтқа қамқор, жеке басының мүддесінен мемлекет мүддесін жоғары қоятын патриоттарды тану, табу және депутаттық мінберден сөз алуына мүмкіндік туғызу да осы сайлауға қатысушылардың міндеті.

Мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлаудың жеке-леген ұсыну, тіркеу, үгіт жүргізу кезеңдерін біріздендіру мақсатында ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауымен бірге өткізу туралы шешім өте дұрыс қабылданды. Бұл сайлау науқанына жұмсалатын қаржыны үнемдеудің тиімді тәсілі болатыны анық әрі сайлаушылардың уақыт мерзімін онтайландыруға да көмектеседі. Президентіміз Ел тұрғындарының талап-тілектерін тыңдайтын, өтініш-арызын ескеретін, халық үніне құлақ асатын мемлекет құру жолындағы берген уәдесін жүзеге асыру бағытында демократиялық сайлау институтын қалыптастыруды қолға алғаны үлкен үміт пен сенім оятады.

Бізге алауыздық емес, ел ішіне іріткі салу емес, сайлауда да ауызбіршілік керек. Әртүрлі көзқарастағы, әртүрлі наным-сенімдегі адамдардың өзін Мемлекет мүддесі, халық сенімі, ұлт намысы біріктірсек екен дейміз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айсұлу ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ,
ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті, Экономика институты заманауи зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, әлеуметтанушы:

Қоғам саналы түрде дайын



Бұл сайлау науқанына алдыңғы сайлауларға қарағанда азаматтар белсенді қатысады деп күтілуде. Халықтың да, саяси электораттардың белсенділігі де жоғары болмақ. Оған себеп – саяси жүйеге енгізілген партиялар туралы заңға енгізілген өзгерістер.

Қазақстан қоғамы бұл сайлауға саяси саналы түрде дайын деп ойлаймын.

Партиялар және өзін-өзі ұсынған азаматтар сайлауалды бағдарламасын жасағанда шешілуі қиын, жалпылама жобаларды ұсынбай, халықтың бүгінгі тұрмыс-тіршілігіне қатысты мәселелерді алға қойса екен. Сол бағытта партиялық немесе сайлауалды бағдарламаларын жасауға тиіс.

Кәсіби Парламент қалыптастыру да маңызды мәселе. Сол үшін кандидаттарды тіркегенде де, азаматтар өздерін ұсынғанда да немесе сайлауда дауыс бергенде де кәсіби жетістікке, біліктілікке көбірек көңіл бөлу керек. Себебі, ертеңгі күні Мәжіліс пен мәслихат депутаттары болғанымен, олар өз саласымен комитеттерге бөлініп, нақты заңнамалық актілер мен құжаттарды талқылап, қабылдаумен айналысады. Сонда кәсіби біліктілік өте қажет болады.

Шолпан ӘЙТЕНОВА,
экономист:

Кандидаттарда мүмкіндік көп



лық актілердің сапасы артады.

Алматы, Астана, Шымкент сияқты өңірлер мен ірі қалаларда қатаң бәсекелестік болатыны анық. Кейбір аймақтарда 5 немесе одан да көп кандидат тіркелуі мүмкін. Бізде дәл осындай сайлау көптен бері болған жоқ және бүгін біз тәуелсіз кандидаттардың қызығушылығы бар екенін көріп отырмыз. Менің ойымша, кейбір аймақтарда екінші тур болады.

Өйткені, үміткерлер өте көп. Парламент пен мәслихаттар құрамы жағынан алуан түрлі болады. Бюджеттер мұқият бақыланатын болады, заңнама-

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

МЕГАПОЛИСТІҢ МӘДЕНИ МЕКЕМЕЛЕРІ

Алматы қаласындағы мәдени ошақтар өздерінің жұмысын сәтті орындап, жылдық қорытынды жасаған еді. Бүгінде қаламызда жастар мен егде жастағы тұрғындарға арналған түрлі ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылуда. Соңғы жылдары өнер ордалары жақсы қызмет көрсетіп, қала тұрғындарының көңілінен шығып келеді. Осы ретте мәдени ошақтарымыздың 2022 жылғы табысты қызметінен хабар бере кетсек.



**Ақтолықын
Тұрлығазы**

ТЕАТР ұлт рухының жаршысы

Театр – қым-қуыт тіршіліктен бір сәт серпіліп, жан-дүниесін тазартқысы келген көрерменнің жанына жалау табатын киелі мекен. Оның ішінде қуыршақ театрының орны ерекше. Себебі, ол жас талғамайды, жаны жақсылыққа жақын кез келген жастағы адам қуыршақ театрына бара алады.

2022 жыл тарихы терең Мемлекеттік қуыршақ театры үшін де жемісті жыл болды. Бұл жылы қуыршақ театры көрерменіне 1164 спектакль қойған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда, 244 пайызға жоғары, ал осы 1164 спектакльді тамашалауға келген

көрермен саны 66 120 болған. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда, 168 пайызға артқанын байқататын көрсеткіш. Осы орайда, театрдың өркендеуі үшін көрерменге сапалы контент ұсыну үшін жан аямай еңбек етіп келе жатқан қуыршақ театрының әртістеріне алғыс айту парыз деп санаймыз. Сонымен қатар, қаламыздың өнерге құштар тұрғындары мен өнер жанашырлары да осы көрсеткіштің артуына өз үлесін қосты десек, артық айтпағанымыз болар.

ЦИРК бекзат өнер

Еліміздегі ең көрнекті цирк біздің Алматымызда орналасқан. «Циркке ешкім бармайды, бізде цирк өнері дамымаған» деген пікірді циркке бармайтындар айтады. Алайда, 2022 жылғы көр-

сеткіштер бұл пікірді түбірімен жоққа шығарады. Мысалы, 2022 жылы Қазақ мемлекеттік циркінде 49 қойылым көрсетілген. Қойылымдарды 140 000 көрермен тамашалаған. COVID-19 басталмаған 2019 жылы 56 000 көрермен келгенімен салыстырғанда, бұл келу өсімі 243% артқанын білдіреді. Ал 2021 жылғы (41 000 көрермен) көрсеткішпен салыстыратын болсақ, 344% өсім болғанын байқаймыз. Осының арқасында цирк 266 млн теңге табыс тапты.

Табыс көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 142% артқанын көрсетіп тұр. Ал 2021 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 324%-ға өскен. Бұл – біздің елімізде цирк өнерінің қарқынды даму үстінде екенін дәлелдейтін көрсеткіш. Әрі өздеріңіздің – Алматы тұрғындары, қала қонақтары мен

туристердің жалпы халықтың осы өнерге деген қызығушылығының арқасы деп білеміз.

Цирк жанры – бекзат өнер. Осы өнердің дамуына цирк майталмандары мен ардагерлері үлкен үлес қосуда, оларға осы жанкешті еңбегі үшін алғыс айтамыз. Сонымен қатар, қала тұрғындарының да, осынау ерекше өнер түрін бағалаушылардың да өлшеусіз үлесі бар екендігін атап өткен жөн.

МҰРАЖАЙЛАР ұлттық құндылық

Мәдени астанамыз – Алматы қаласындағы музейлерде өмір өркеніетінін материалды куәсі шоғырланған. 2022 жылы Алматы қаласы музейлерінде 267 іс-шара және 61 көрме өтті. Жалпы, музейлерге билет бойынша 80 мыңнан астам келушілер келген. Бірлестікке қарасты музейлерде пандемия басталғанға дейінгі келушілер саны бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 2019 жылы болған (44 780 келуші). Ал пандемиядан кейін 2021 жылы музейлер 34 229 келуші қабылдаған. Бұл көрсеткіштермен салыстырғанда 2022 жылы билет бойынша келушілер саны 179% және 234%-ға артқанын көруге болады.

Өткен 2022 жылы келушілер санына байланысты ақылы қызмет арқылы табыс көлемі де өскен (34 млн теңге). 2019 жылмен салыстырғанда, табыс көлемі 117%-ға артса, 2021 жылмен салыстырғанда, 176%-ға өскен. Жоғарыдағы көрсеткіштер Алматы музейлеріне деген қызығушылықтың артқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, музейлер қызметі де жыл сайын даму үстінде. 2022 жылы 4 музейдің экспозициясы жаңартылды (Д.А.Қонаев музейі, Ф.Мүсірепов

музей-үйі, А.Байтұрсынұлы музей-үйі және С.Мұқанов музей-үйі). Алматы музейлері 2 халықаралық көрмені (Корея және Түркия мемлекеттерінде) жоғары деңгейде өткізіп, халқымыздың мәдениеті мен тарихын әлем жұртшылығына көрсетті. Ал музейлер жүргізген археологиялық қазбалар барысында ерте темір дәуіріне жататын сақ жауынгерінің жерлеу орны табылды.

ЗООБАҚ ең үлкен жануарлар мекені

Алматы қаласындағы Орталық саябағында орналасқан зоопарк Орталық Азиядағы үлкен зоопарктердің қатарына кіреді. Жылдың кез келген мезгілінде жануарларды көруге әрі серуендеуге мүмкіндік береді. Осы ретте зоопаркте болған биылғы өзгерістер мен толықтыруларды назарларыңызға ұсынсақ. Былтыр амур жолбарыстары – Lada және Bentley үшін жалпы ауданы шамамен 4000 м² болатын жаңа қоршау салынып, пайдалануға берілді;

– зообақ аумағындағы жасанды көлшіктер мен тоғандарға күрделі жөндеу жүргізіліп, қалпына келтіру аяқталды. Онда бірқазан, бүркіт, ягуар, аю сынды жануарларды азықтандыру үшін түрлі балықтарды өсіруге болады;

– өткен жылы зообақта 66 жаңа төл өмірге келді (балықтарды есептегенде). Олардың ішінде ягуар, керік, Пржевальск жылқысы, елік, ақ төс аю, көк қой, мысықтестес лемурлардың төлдері мен сақалтай, үкі құстарының балапандары бар;

– зообақ жағдайында жаңа төл алу – бұл Алматы хайуанаттар бағындағы жүйелі жұмыс пен жануарларға жасалған қолайлы жағдайдың нәтижесі көрсеткіші;

– жануарларға жем-шөп азығын дайындайтын орын мен көкөніс қоймасының жаңа құрылысына жобалық-сметалық құжаттама дайындалды. Алдағы уақытта біз өзіміздің қосалқы шаруашылығымызда өсірілген көкөністерді жинауға болады;

– ғылыми жұмыстар нәтижесінде жануарлардың үш жаңа түрі алынды – ақ төсті туқандар, сервал және полярлық қасқырлар;

– Instagram желісіндегі жазылушылардың саны 41,3 мыңға жетті;

– Алматы хайуанаттар бағына келушілер саны 30%-ға артып, 702 мың адамнан 916 мың адамға дейін артты;

– мекеменің жеке кірісі 21%-ға – 488 млн теңгеден 591 млн теңгеге дейін өсті.

(Дереккөз: Алматы қаласы Мәдениет басқармасы).



НЕ?

«Жажүрек»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Авторы: Дулат Исабеков.
Қоюшы-режиссері: Е.Обаев, ҚР халық артисі, профессор.
Режиссер: А.Кәкішева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Күні мен уақыты: 5 ақпан, 18.30.



ҚАЙДА?

«Бірге болу сезімі» көрмесі

Өтетін орны: Әбілхан Кастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Көрмені ақпан айының 22-сіне дейін тамашалай аласыздар.



ҚАШАН?

«Бақшасарай бұрқағы»



Өтетін орны: Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 5 ақпан, 19.00.



● V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚАРСАҢЫНДА



ТУЫ БІР ТҮРКІНІҢ ОЙЫНДАРЫ ЖАҢҒЫРУДА

Қазақ елінде 2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұйымдастырылады. Бұл жолғы кезек бізге бұйырды. Осы үрдіс түбі бір түркі халықтарының ұлттық құндылықтарын сақтауға бағытталады. Сондай-ақ, ортақ ойындар мен рухани мұраны жаңғырту бойынша жұмыстар жыл сайын жүзеге асырылып келеді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжановты қабылдады. Кездесу барысында қауымдастықтың былтыр атқарған жұмыстарының қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Исламбек Салжановтың айтуынша, Көкпар, Жамбы ату, Аударыспақ, Тенге ілу, Бәйге, Күсбегілік, Дәстүрлі садақ ату, Тоғызқұмалақ және Асық ату секілді ұлттық спорт түрлерінің федерациялары қауымдастық аясына біріктірілген. Сонымен қатар, ұлттық спорттың дамуына сараптама жасалып, жеке-жеке республикалық федерациялармен институционалдық тұрғыда жұмыс жүргізіле бастаған.

2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге берген Қазақстанның өтінімін былтыр қыркүйек айында Бүкіләлемдік этноспорт конфедерациясы бірауыздан қолдады.

Кездесуде Мемлекет басшысы келесі жылы елімізде өтетін ауқымды шараны сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді. Мемлекет басшысының айтуынша,

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорт шараларымен шектелмеуі керек. Аталған халықаралық спорт сайысы қолөнер, туризм, қызмет көрсету саласы сияқты шағын және орта бизнес өкілдері үшін де тиімді ұйымдастырылып, кәсіптерін ілгерлетуге жағдай жасалуы қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті ұлттық спорт түрлерінің даму тұжырымдамасын әзірлеу қажет екенін және ат спорты ойындарындағы қауіпсіздік мәселесін қарастыруды тапсырды.

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Жаһан державалары өздерінің ұлттық спортын паш етуде. Сумо десе жапондықтар, грек-римде – гректер, футболда – ағылшындар еске бірден түседі. Мұны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан сайын насихаттап жатыр. Бүгінде

шетелдің спорт өнеріне қарап бой түзейтін деңгейге әбден етіміз үйренді. Бір сөзбен тұжырымдағанда, «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегеннің кері болып тұр.

Адамзаттың өркениеті мен мәдениеті сан түрлі. Бәрі бір мезетте бір дүниеге қызықпайды. Дегенмен, алпауыт мемлекеттер санамызға жоғарыда аталған спорт түрлерін сіндіріп қойған. Оны құдды бір әлемнің жауһарындай көреміз. Шын мәнінде әр халықтың өзіне тән ерекшелігі баршылық. Оны әсте жоққа шығаруға болмайды. Түбі бір түркінің ортақ құндылықтары жетерлік. Соның арасында ұлттық ойындарды айтуға толық негіз бар.

Түркі жұртының тілі мен ділі ғана емес, спортында да ұқсастық жетерлік. Мәселенки, ат спорты, күш сынасу, белдесу, садақ ату сияқты т.б. білеміз. Бұл көпшілікке әйгілісі ғана. Ал расында біз аңғармай жүргендері қаншама?! Жыл өткен сайын бауырлас елдердің ынтымақтастығы артып барады. Осының негізінде 5 мәрте Көшпенділер ойындары өтіп жатыр.

Бұған дейін, Түркия, Қырғызстан ойындарды өткізгенінен хабардармыз. Ендігі кезек Қазақ мемлекетіне ойысыпты. Бұйырса, абыроймен өтеді деген сенімдеміз.

P.S.

Жаһандану үдерісі қатты жүріп жатыр. Дәл осындай алмағайып кезеңде бірлесе, нық тіресе, қанаттаса ортақ мұраларды сақтаған абзал. Әйтпесе, жұтылып кету қаупі сезіледі. Сондықтан бұған бей-жай қарамай, түркі жауһарларының дамып жатқандығына көңіліміз қуанады. Ұдайы жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа жәдігер ретінде берілуіне тілектестік білдіреміз.

● ОПЕРА

Русалканың ариясы

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында опера әншісі, бірнеше халықаралық байқаулардың лауреаты Зарина Алтынбаеваның «Русалка» бейнебаянының тұсаукесері өтті.



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бейнебаян көрнекті чех композиторы Антонин Дворжактың «Русалка» операсынан Русалка ариясына негізделіп түсірілген. Бейнебаянның жазбасын бірнеше жыл бұрын Лондонда болған кезінде Корольдік филармония оркестріне жаздырған. Дауыс кейінірек Алматы қаласында жазылған. Опера әншісі бұл партияны орындауды көптен бері армандап келе жатқанын атап өтті. Осы уақытқа дейін ол фильмде тамаша орындалған арияға айналдыра алды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСЫЕВ.

«Бүгінгі күні бәрімізге сиқырлы, әдемі, таңғажайып әлем жетіспейді. Сондықтан мен ертегі желісіне сүйеніп, Дворжактың «Русалка» операсынан классикалық музыканың әлемдік шедеврін қайта жаңғыртуды шештім. Түсірілімге көп ақшаны шығындамадық. Қаламыздың маңында орналасқан Қапшағайда түсірілді. Маңынан кішігірім үйшік тауып, жұмыс барысын сол жерде ұйымдастырдық. Бейнебаяндағы кішкентай қызымыз да өзінің рөлін тамаша сомдап шықты. Халықтың көңілінен шығады деген үміттеміз», – деп атап өтті Зарина Алтынбаева.

Картина көрерменге шынайы эстетикалық ләззат сыйлайтын тамаша туынды болды. Дворжактың сиқырлы музыкасы мен Заринаның мөлдір, хрусталь сопраносына жарқыраған күзгі жапырақтар мен салқын теңіз спрейі жаныңызды тебірентері сөзсіз. Сүйкімді Зарина өзін халыққа таныстырмас бұрын екі романс, одан кейін Дворжак перісінің ариясын орындады. Осылайша көрермендер Заринаның бейнебаянындағы су перісінің таңғажайып бейнесін көріп, теңіз су перілерін көз алдымызға әкелді.

Түсірілім күзде Қапшағайда, салқын суда жүргізілді. Әнші ол кезде Бакуде өнер көрсетуі керек болғандықтан, суық тиюден қатты қорыққанын атап өтті. Шығармашылық топ 3 күннің ішінде тамаша туындыны жасап шығарған. «Музыкалық фильмнің негізгі тұжырымдамасы «Русалка» жайлы оқиганы шығармашылық тұрғыдан талқылау болды, оны біз мүлдем басқа қырынан көрсеттік. Ертегідегідей оқигамыз қайғылы сәттермен аяқталмайды. Су перісі өзінің ханзадасына кездесіп, өзіне кішкентай құрбы табады. Туындымыз көрерменнің көңілінен шығады деген үміттеміз», – дейді қоюшы-режиссер Ғалым Асыллов. Композитордың өзі туындысының музыкасын жұмбақ түн ортасындағы орманды, фантастикалық көлді бейнелейтін лирикалық ертегі деп атады. Су перісі өзінің әйел нәзіктігі мен шынайылығына толы ариясын ұсынды.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



«Қазақша бизнес Үндістанда»

Өтетін орны:
Барлық
кинотеатрлардан
тамашалай
аласыздар.
Күні мен уақыты:
7-8 ақпан, 13.30, 15.40,
17.30, 19.00.



Жеке ән кеші

Өтетін орны:
Республика сарайы.
Әртістер: Dastan Orazbekov.
Тұрақ: Бар.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шектеулері: 7+.
Күні мен уақыты:
19 ақпан, 19.00.



«Мұқағали. Мен деп ойла...»

Өтетін орны: Алматы
Мемлекеттік қуыршақ театры.
Режиссері: М.Тәуекелова.
Тұрақ: Бар.
Күні мен уақыты:
10 ақпан, 16.00.

Бетті әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



● ТҰЛФАТАНУ

ЖҮРГЕНОВТІҢ ЖОЛЫ

Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка мектебінің үлкен залында виолончель, контрабас және арфа бөлімінің меңгерушісі Бибіфатима Нұржанованың ұйымдастыруымен мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың біртуар ұлы Темірбек Жүргеновті еске алуға арналған кеш өтті.

Аталмыш кешке мектебіміздің ұстаздары, ата-аналар мен оқушылар қатысты. Кеш барысында Үрмелі аспаптар бөлімінің 12-сынып оқушысы Байділхан Нұрсұлтан Т. Жүргеновтің өмір жолы, еткен еңбегі, халқы үшін жасаған баға жетпес игі істері жайлы баяндады. Оқушылар бүкіл саналы ғұмырын елінің болашағы үшін жұмсаған көрнекті тұлғаның қиындыққа толы,

мағыналы да маңызды өмірінен хабардар болды. Аталмыш танымдық кеш арқылы жас өнерпаздар Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясына есімі берілген азаматтың елінің бостандығы мен өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, халқы үшін жасаған қызметінен хабардар болды.

Гүлфарам СТАМҚҰЛОВА.

● ЕМТИХАН

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ
МӘРТЕБЕСІ АРТАДЫ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында 5–8, 10-сыныптарда қазақ тілі бойынша емтихан енгізіледі

Тіліміздің мәртебесін айқындау үшін тағы да бір жақсы қадам жасалып отыр. Алдағы оқу жылынан бастап 5–8 және 10-сыныптарды аяқтаған оқушылар қазақ тілінен емтихан тапсыратын болады.

2023-2024 оқу жылынан бастап 5–8-сыныптар мен 10-сыныпты аяқтаған оқушылар қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен, басқа тілдерде


оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан енгізіліп отыр. Қазақ тілі бойынша емтихан оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, жазбаша және ауызша өткізіледі. Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі белгілеген шешімге сай өтеді. Тапсырмаларды барлық академиялық адалдық талаптарын сақтай отырып, педагогтар құрасырса, оны білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

Сонымен, мұндай өзгерістер қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталып, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіледі.

● КЕРЕК КЕҢЕС

ЫМ ДА АДАМ
ӨМІРІН ҚҰТҚАРАДЫ

Өкінішке қарай, ала-құла осынау өмірде, айналамызда келеңсіз түрлі жағдайлар орын алып жатады. Соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық та, балаларға көрсетілетін әлімжеттік те, арам ойлылардың жағымсыз әрекеттері де аз емес. Егер сондай шарасыз күйде қалсаңыз, айналаңызға қауіп-қатерде тұрғаныңыз туралы үнсіз-ақ хабар беретін қарапайым ғана белгілер бар, соны біле жүріңіз дейміз.



аман-есен оралған. Оның із-түзсіз жоғалып кеткені туралы ақпараттың полиция үстелінде жатқанына екі-үш күн өткен. Өз шаруасымен көшеде келе жатқан әлдебір жолаушы жол үстіндегі қара көліктің артқы орындығында отырған бір қыздың әлгі TikTok-та танымал болып жатқан алақан белгісін көрсетіп бара жатқанын байқайды да, дереу полиция нөмірін терген екен. Жоғалып кетті деген қыз шынымен де арам ойлы бейтаныс еркектің көлігінде отырған болып шығады. Сөйтіп, жергілікті полиция жасөспірімді ұрпаған 61 жастағы ер адамды құрықтаған.

Иә, қазіргі күні бұл көмек сұрау белгісі туралы біздің елдегі мектептерде де оқушыларға ашық сабақтарда айтылып жүргені күптарлық. Басына қауіп-қатер төнген әйел-аналар мен балаларға бұл қарапайым жест үлкен көмек болып тұрғанын да айтып отыр сарапшылар.

Тіпті, шетелдің кейбір мейрамханаларында «такси шақыртып берсеңіз», «есік көзіне дейін шығарып салыңызшы», «полицияға хабар берсеңіз» сынды мәтіндер жазылған «Ас мәзірі» секілді бөлек кітапша болады екен. Мазасын алып отырған серігін тезірек құтылу үшін даяшыға ымдаса болғаны, өзгеше «ас мәзірін» алдына ұсына қояды. Сондай-ақ, әйелдер әжетханасында дәмхана қызметкерлерінен қалай көмек сұрауға болатыны туралы мәтіндер жазылған тактайшалар да ілініп тұрады екен. Айтпақшы, 2020 жылғы пандемия кезінде елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіші 25 пайызға өсіп кеткен. Ал алақанмен белгі беру әдісі дәл сол пандемия кезінде пайда болған.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ол қандай белгілер? Бірінші – қолыңызды, яғни алақаныңызды ашық күйінде жылдам жоғары көтеріп, екінші – бас бармағыңызды ішіне қарай бүгіп, үшінші – алақаныңызды түгел жұмсыз. Болды. Бұл – «маған көмек керек», «тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанымын», «отбасында таяқ жеп жүрмін» дегенді білдіреді. Жаныңыздан жаяу немесе машинамен өтіп бара жатқан адам бұл белгіңізді байқаса, дереу полицияға телефон соғады немесе мүмкін болса өзі де көмекке ұмтылады. Себебі, бұл белгі (жест) қазіргі күні әлем бойынша танымал.

Енді сөз шегініс. Жамандықтың төніп тұрғанынан хабар беруші «Сигнал о помощи» деп аталатын бұл белгіні, қоғамда ниеті бұзық адамдар, төбелес құмар жұдырығы жуан ерлер көбейіп бара жатқандықтан, 2020 жылы Канаданың әйелдер құқығын қорғайтын қор өкілдері ойлап тапқан. Сөйтіп, оны TikTok желісі арқылы таратып еді, мың-миллионнан астам қаралым жинап, тіпті жер-жерде осы белгіні көрсетіп аман қалып жатқан адамдар көптеп санала бастады.

Мәселен, АҚШ-та 16 жастағы жасөспірім қыз дәл осы белгінің арқасында отбасына

● ОҚУЛЫҚ

Мектеп оқулықтары туралы түрлі пікірлер айтылып жатыр. Әсіресе, ішкі мазмұны туралы сын көбірек айтылып қалады. Сондықтан алдағы уақытта мектеп оқулықтарының ішкі, сыртқы мазмұны кеңінен талқылауға түскелі отыр.

ОҚУЛЫҚ
САПАҒА САЙ БОЛСЫН

Мектеп оқулықтарын таңдауға оқушылар мен ата-аналар да қатысатын болады. Бұл тұрғыда қазір «Жаңа оқу жылындағы мектеп оқулары» атты көрме әзірлену үстінде.

Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларының «Білім-инновация лицейінде», «Дарын», басқа да мамандандырылған мектептерде білім алуы үшін 15 пайыз квота бөлінетін болды. Ендігі жерде жылына 1500-дей бала жаңа квота

бойынша осы мектептерге оқуға түсетін болды. 2022-2023 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін пәндер бойынша үздік оқушылар және соңғы үш жыл бойы халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы атанған «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткерлер қорытынды емтихандардан босатылып, үздік белгісін алатын болады.

Ол үшін үміткерлердің 5-сыныптан бастап, 11-сыныпқа дейінгі барлық тоқсандағы бағалары тек «5» болуға тиіс.

● ТАЛАПКЕР

ҰБТ: СЫНАҚ ӨТТІ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАЛАЙ?

Қаңтар айындағы Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына қатысқан 57 мың түлектің 74%-ы – қазақ тілінде, 25%-ы – орыс тілінде, 37%-ы ағылшын тілінде тапсырды. ҰБТ 10 ақпанға дейін өтеді.

Сонымен, Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, биыл ҰБТ басталғалы шекті балды 78%-ға жуық талапкер жинаған көрінеді. Әзірге, орташа балл – 70. Жалпы, қаңтардағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға 125 мыңға жуық өтініш келіп түскен еді. Қазіргі таңда тест тапсырушылардың 19% «математика, физика» пәндерінен, 18% «биология, химия», ал 0% шығармашылық емтиханды таңдаған. Ал сұранысқа ие мамандарды даярлайтын ІТ бағытына түсуге қажетті жаңа «математика, информатиканы» ҰБТ-ға қатысушылардың 9%-ы ғана тапсырыпты.

Сонымен қатар, биылғы жылы ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерлердің тест сынағын ыңғайлы тапсыруы үшін ҰБТ тапсыру уақыты 40 минутқа ұзартылып отыр. Оларға арнайы сызба және диаграммаларсыз сұрақтар жасалды. Қабылданған шараларға сай ерекше білім беру қажеттілігі бар 93 бала ҰБТ тапсырды.

Талапкерлердің 36-сы смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтпекші болғаны үшін тест тапсыру мүмкіндігінен айырылса, ережелерді бұзғаны үшін 57 адам аудиториядан шығарылып, нәтижелері жойылды.

Жалпы, биылғы жылы да талапкерлер тестілеу сынағынан соң 30 минут ішінде апелляцияға беруіне болады. Сынақ тапсырмасы бұрын Ұлттық тестілеу орталығы ҰБТ-да калькулятор, компьютер экранында Менделеев және тұздардың ерігіштігі кестесі, Бекетов тізбегі орналасқан.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- * ҰБТ-ның орташа балы – 70;
- * Өтінішке тапсыру саны – 125 мыңға жуық;
- * «Математика, физика» пәндерінен – 19 пайыз;
- * «Биология, химия» пәндерінен – 18 пайыз;
- * ҰБТ тапсыру уақыты – 40 минут.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

АНЫҒЫНА ЖЕТПЕЙ, жалған ақпарат таратпаңыз!

Технология дамыған сайын ақпарат тарату да, әлемнің кез келген нүктесінен жаңалық білу де қиын емес. Әлеуметтік желі арқылы әп-сәтте тарап үлгеретін ақпараттың барлығы пайдалы деу қиын. Өйткені, бізде жалған ақпарат таратып, елді дүрліктіретін жайттар көп.

Жалған ақпаратқа байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мынадай сөзі бар: «Біз ел-жұртты дүрліктіретін, арандататын әрекеттерге тыйым саламыз. Жалған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек. Біз осы жаһандық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет. Татулық пен тұтастықтың арқасында кез келген қиындықтан шығуға болады. Сондықтан бәріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет. Береке мен бірлік бәрін де жеңеді».

Қарттарды әуреге салды...



Жақында әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «зейнеткерлер өз жинақтарының жартысын алуына болады» деген жалған хабарлама желіні шарлап кетті. Бірінен-біріне жылдам тараған «қуанышты жаңалықты» естіген егде жастағы адамдар күннің суығына, жолдағы көктайғаққа қарамастан қаражатын шешіп алуға БЖЗҚ мекемелеріне қарай асыққан. Бұл шын мәнінде жалған ақпарат болатын. Ал оны кім және қандай мақсатта таратқаны әзірге белгісіз.

БЖЗҚ өкілдері зейнеткерлер зейнетақы жинағы сомасының 50 пайызын ала алатыны туралы жалған хабарламалар таралуына байланысты пікір білдіріп, ақпараттың шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді.

– **Қазақстан Республикасының заңнамасында зейнеткерлердің тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатындағы міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинағы зейнеткердің орташа айлық табысын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленген 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастырса, пайдалануға болады. Әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттарда тарап жүрген, жинақтың 50 пайызын алу мүмкіндігі туралы «жалған» хабарламалардан сақ болыңыздар**, – деп атап өтті ведомство өкілдері.

Айта кеткен жөн, қордың сервистері туралы барлық ақпарат БЖЗҚ сайтында орналастырылған, барлық қызметтер Қор бөлімшелерінде немесе enpf.kz сайты немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы онлайн-форматта көрсетіледі.

БЖЗҚ бөлімшелерінен немесе қашық-тықтан, атап айтсақ, көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар арқылы, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp көмегімен кез келген ақыл-кеңесті алуға болады.

«Іс бітті, қу кетті!..»



Қазіргі таңда білім іздеген жастарға мүмкіндік көп. Шетелде оқимын десе де жол ашық. Әлбетте, жастардың сапалы білім алып, өзге мемлекеттен тәжірибе жинақтап келуі құптарлық жайт. Бірақ ол жаққа бару үшін де көп нәрсені білу керек. Мәселен, бізде тегін білім алам деп алаяқтарға алданған жандар жоқ емес.

Осыған байланысты Сізге мына бір оқиғаны айтайық. Алматылық бір кәсіпкер келіншек мектепті жаңа бітіріп келген абитуриенттерге шетелге оқуға тегін түсуге кепілдік беріп, уәдені үйіп-төккен ғой. Бүкіл өмірі сол әйелдің қолында тұрғандай көрінген жастар оның сөзіне сеніп, бірден келісе кеткен. Бірақ ол бұл қызметтің тегін емес екенін ескертіп, «болашақ» студенттен қомақты қаражат алады. Өлгі келіншек ақшасы қолына тиген күні «маңғыт – аузына саңғыт» деп, жоқ болған. Өзі түгілі, ізін де таба алмай қалған талай жан осылайша сан соғып қала берген. «Іс бітті, қу кетті!..» деген, міне осы. Қазіргі уақытта бұл іс бойынша іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– **Полицияға алаяқтарға алданған 7 алматылық азамат ресми шағым түсірді. Қазір істің объективті мән-жайларын анықтауға және кінәлілерді жауапқа тартуға бағытталған тергеу және жедел іс-шаралар кешені жүргізілуде**, – дейді Алматы аудандық Полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Есен Ысқаков.

Қазір заман басқа. Кез келген адамның сөзіне сене беруге болмайды. Егер осындай жайттарға куә болсаңыз, уақыт оздырмай полиция бөлімшелеріне хабарласып, шағым жазғандарыңыз жөн.

● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Жалған ақпаратқа жаза қатаң!

Қазақстанда жалған ақпарат таратқан адамға 20 АЕК сомасында айыппұл төлеуден бастап 7 жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза белгіленген.

2015 жылы жаңа Қылмыстық кодексе қабылданғаннан кейін жалған ақпарат тарату 274-бапқа сәйкес қылмыс түрінде қарастырыла бастады. Атап айтсақ, бұл бапта былай жазылған: «Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, сонымен қатар бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге және сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Белгісіз сілтемеге кірмеңіз!

Күнделікті қолданатын смартфондар арқылы Сіз күніне мыңдаған жаңалық пен ақпаратты оқи аласыз. Бірақ оның барлығы ресми расталған ақпарат па?

Жақында теледидардан әлеуметтік желілерде қазақстандықтардың қаражатын «ұрлайтын» топтардың пайда болғаны туралы ақпарат естідік. Алаяқтар бұл жолы ақша жымқырудың жаңа бір әдісін ойлап тауыпты. Мәселен, әлеуметтік желідегі парақшаңыздағы жазбаңыздың астына сізге мүлде таныс емес адам жабық аккаунтпен «Өткен жылы басқаша едің, биыл не болған саған?» деген секілді пікірлер қалдырады да, оның астына сілтемесін тіркеп қояды. Өрине, мұндай жазбаны оқыған адам бірден сілтемеге өтіп, кім екенін білмекке асығады. Егер сілтемені бассаңыз, Сіз бірден фишингтік компания құрбаны боласыз. Ал фишинг дегеніміз – ғаламтор қолданушысының құпия мәліметін алу әрекеті: яғни аты-жөні, жеке куәлігінің дерегі, банк картасы, кілт сөзі, картаның артқы жағындағы құпия код (CVV/CVC), SMS-тегі кодтар. Міне, осы ақпараттың арқасында алаяқтар ақшаңызды сыпырып алады.

Қазір ғаламторда күдік тудыратын сілтемелер, жарнама, хабарландырулар өте көп. Сондықтан мынаны естен шығармаңыз, егер Сіз электронды пошта арқылы немесе SMS түрінде хабарлама алсаңыз, ол сілтеме бойынша өтіп, жеке мәліметтеріңізді енгізуді сұраса, бұл алаяқтар деп біліңіз. Есіңізде болсын, ресми ресурстар мұндай хат, хабарлама таратпайды. Сондықтан хатты ашпаңыз, ал білмей ашып қойсаңыз, өзіңіз туралы жеке мәліметті бермеңіз. Бұл ақпаратпен жақындарыңызды да ескертіп қойсаңыз артықтық етпейді.

Ақылы болмайды

Мессенджерлерде бүкіл ел бойынша жұмыспен қамту орталықтарының қызметтері жақын арада ақылы болады деген хабарламалар пайда болған еді. Онда жұмыссыздар үшін арнайы тарифтік кесте әзірленіп жатқаны айтылған.

Бұл ақпаратты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жоққа шығарды. «Жұмыспен қамту орталықтарының қызметтері әрқашан халыққа тегін негізде көрсетіліп келді, әрі қарай да тегін болады. Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен анағұрлым кең қамтуды қамтамасыз ету мақсатында Жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялау көзделген. Оның бағыттарының бірі – Жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысына әсер ететін қызметтеріне тарифтер енгізу, яғни Жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жұмысқа орналастырылған азаматтардың санына тікелей байланысты болады. Бұл Жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысының тарифтік кестесіне қатысты, бұл халыққа арналған тарифтер емес», – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметінің басшысы Александр Кононец.

Ол сондай-ақ, Алматыдағы Жұмыспен қамту орталықтарының жұмысы бұрынғы кесте бойынша жұмысын жалғастыра беретінін хабарлады.

Әзірлеген
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ДӘРУМЕН

Адам әрқашан аурудың алдын алуға тырысып, көңіл бөліп, күтініп жүруі тиіс. Себебі, дерт асқынса, денсаулықты қайта қалпына келтіру қиын. Ертерек мән беріп, ескеріп жүретін мәселенің бірі – ағзадағы йод жетіспеушілігі. Бұл – тек отандық медицинадағы ғана емес, әлемдік денсаулық сақтау саласындағы өзекті проблема.

Йод ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ



Алматы қаласы, Бостандық ауданының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Жанерке Тынышбектің айтуынша, йод жетіспеушілігі ауруларының мәселесін шешу – әсіресе, Қазақстан үшін маңызды. Өйткені, қазіргі таңда біздің елімізде йод жетіспеушілігінің тиімді алдын алу бағдарламасының жоқтығы тұрғылықты халықтың әртүрлі топтарында қалқанша безінің эндемиялық ұлғаюына әкеліп соқтырып отыр. Біздің еліміз йод жетіспейтін аймақтардың қатарында.

«Йод жетіспеушілігі иммунитеттің әлсіреуін тудырып, ағзаның түрлі инфекцияларға қарсы тұру қабілетін төмендетеді. Еліміздің барлық аймақтарда қалқанша безінің эндемиялық ұлғаюы (эндемиялық жемсау) ұл балаларға қарағанда, 40–50 пайызға қыз балаларда көбірек кездеседі. Эндемиялық жемсау 6-7 жастан басталып пубертаттық жаста барынша жоғары көрсеткішке жетеді. Балалар үнемі өсу мен даму үстінде болады десек, йод жетіспеушілігі салдарынан әлсіздік бірден байқалады.

Бір өкініштісі, эндемиялық жемсау дертіне шалдыққандардың қатары балалар санымен бірге өсіп келеді. УЗІ көрсеткіші бойынша 7 жаста – 15, 12 жаста – 25–30 пайыз балалар осы дертпен ауырса, жасөспірімдер арасында ол 40 пайызға дейін жеткенін көрсетіп отыр.

Йод жетіспеушілігі салдарынан бала ақыл-ойы кешеуілдеп дамуда. Балалардың көңіл күйінің тұрақсыздығы, күйзеліс, әлсіздік, ұмытшақтық есте сақтау қабілеті мен зейінінің төмендеуі де ағзадағы йодтың жетіспеуінен.

Осының барлығының себебі – йодтың жетіспеушілігі. Аурудың алдын алу үшін йодталған тұз, құрамында йоды бар препараттарды топпен пайдалану керек. Тағам арқылы йодты қабылдау экономикалық, физиологиялық, рационалдық жағынан дұрыс деп есептеледі. Бірақ ол да қазір жеткіліксіз болып отыр. Өлсіз топтар, ерте жастағы және мектеп жасындағы балалар арасындағы йод жетіспеушілігін жою үшін топтық алдын алу жұмыстарын жүргізу қажет. Ол үшін әлемдік тәжірибеге сай йодид, йодомарин-100 және йодомарин-200, йодид-прт органикалық емес йод қолданылады. Осыларды ұсына отырып, біз өзгеріске түскен қалқанша безі гормондар синтезін қайта қалпына келтіруге ықпал етеміз», – дейді маман.

Айнұр СЕНБАЕВА.



РУХАНИЯТ

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ»



Қазақтың белгілі ғалымы әрі біртуар геологы Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын баяндайтын «Қаныш» телефильмінің толықметражды нұсқасы кинотеатрға шықты. Фильмнің желісіне 1926–1934 жылдарда елсіз Қарсақпай жерінде Қаныш Сәтбаевтың ерекше күш-жігерімен әлемдегі ең бай тау-кен инфрақұрылымының қалай ашылғандығы туралы тарихи оқиғалар арқау болған.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Авторлар Қаныш Сәтбаевтың тек мықты геолог ғана емес, сонымен қатар, ондаған баланы аштықтан аман алып қалған ерекше тұлға екенін де көрсете білген. Фильмде XX ғасырдың басында орын алған ашаршылық, қуғын-сүргін сияқты қиын кезеңнің өзінде халық рухының сынбағанын көрсеткен. Туындыда сол уақыттың сирек деректі кинохроникасы қолданылып, ал нақты тарихи тұлғалар кейіпкерлердің прототипіне айналған.

Қазірдің өзінде «Қаныш» фильмі бірнеше халықаралық марапатқа ие болып, шетелде де танымалдыққа қол жеткізді. Атап айтсақ, 2022 жылғы желтоқсан айында Буэнос-Айресте (Аргентина) өткен «Literature in Cinema» халықаралық кинофестивалінде «Үздік фильм» жүлдесін алаша, биылғы қаңтарда Үндістанда өткен «Athvikaruni International Film Festival» халықаралық кинофестивалінде үш номинация («Best asian feature film», «Best concept», «Best environment/nature feature film») бойынша үздік атанды.

«Біз осы фильм арқылы халқымыздың тарихындағы ерекше тұлғалардың жолын көрсетуге тырыстық. Соларға қарап өскелең ұрпақ бой түзер деген үмітіміз де бар. Қаныш Сәтбаев 27 жасында білімі мен табандылығының арқасында сол кездегі ең ірі мыс кен орындарын ашып, кейін Қазақстанда металлогения мектебінің негізін қалады. Материалға үңіліп, ғалымның өмір тарихымен, кәсіби қызметімен танысып, ол кісінің ерік-жігеріне таңқалдым. Отбасындағы қайғылы оқиғаларға қарамастан, халқына қызмет етіп, тер төкті, ғылыммен айналысты. Менің мақсатым

— халқымыздың тарихында қайратты тұлғалардың болғанын көрсету. Сондай-ақ, жастарымыз солардан үлгі-өнеге алып, отбасы, халық пен ел игілігі үшін еңбек етсе екен деймін», — дейді фильм және сериал режиссері Ерлан Нұрмұхамбет.

Кинофильм «Қазақстан» ұлттық телеарнасының тапсырысы бойынша, 2021 жылы «Aga Media Group» студиясы түсірген алты сериялы «Қаныш. Қазына» телефильмінің негізінде жасалған. Телехикаяның шығармашылық тобы Қаныш Сәтбаевтың қызыққа толы өмірбаянымен танысып, қолда бар материалдан толықметражды көркем фильм жасауға бел буған. Онда ғалым тек кәсіби маман ғана емес, халқының қамын ойлайтын терең де сезімтал тұлға ретінде көрсетіледі. Сериал мен фильмді жасауға «ERG» еуразиялық тобы мен «Қазақмыс» холдингі қаржылық қолдау көрсетті.

«Qazaqstan» ұлттық арнасының тапсырысы бойынша түсірілген «Қаныш. Қазына» тарихи сериалы эфирде көрерменнің ыстық ықыласына бөленген еді. Енді толықметражды фильмге айналып үлкен экрандарға жол тартты. Ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы және тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев өмірі мен ғылым жолы көрерменді толғандырып, ізгі идеялардың тууына, жас ғалымдардың шабыттаныуына әсер етеді деген сенімдеміз. Осы игі істің бастауында тұрғанымызға қуаныштымыз», — деп хабарлады «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының баспасөз қызметі.

Биылғы 30 қаңтарда Алматы қаласында өткен фильмнің жабық көрсетіліміне фильмді жасаушылар, шығармашылық топ, ғалымның туған-туысы, қоғам қайраткерлері,

журналистер, блогерлер, демеушілер, БАҚ өкілдері және т.б. қатысты.

«Әлеуметтік және білім беру жобаларын жүйелі түрде қолдау — біздің корпоративтік жауапкершілігіміздің негізі. Біз білім беру бастамаларына ерекше көңіл бөлеміз. Қаныш Сәтбаев сынды біртуар тұлғаның өмірбаяны жас қазақстандықтарға тамаша үлгі-өнеге. Академик Сәтбаев геология ғылымының ең ірі ғалымы болды және солай болып қала береді. Бірақ оның қызығушылығы мен білім аясы кең болып, жаратылыстану ғылымдарының шеңберінен асып түсті. Фильм қалың көрерменге қазақтың біртуар ғалымының өмір жолын баяндап қана қоймай, ғылымды кеңінен насихаттауға, жастардың білім аясын кеңейтуге септігін тигізеді деп сенеміз», — деді ERG басқармасының төрағасы Серік Шахжанов.

Толықэкранды фильмнің ақ-қара форматын фильмді түсірушілер сол кездегі қайғылы ахуалды көрерменге жеткізу үшін әдейі пайдаланған. Көркем туындыны тамашалап отырып бейнебір сол кезеңге тап болғандай сезімге бөленесің. Бұл да бір фильмнің өзіндік ерекшелігі десек, артық айтпағанымыз болар.

«Фильмді дайындауға қатысқан барша жанға алғысымызды білдіреміз. Түсірілім тобының еңбегі зор. Қаныш Имантайұлының рухына ұқыптылықпен қарап, оның образын тереңірек түсінуге тырысқан. Атамыздың өмірі мен шығармашылығының алғашқы кезеңін бейнелеген фильмді шынайы деректерге барынша жақындатпақ болған ниеттері үшін алғыс айтамыз. Бұл фильм халқына еліміздегі жер қойнауының байлығын ашқан ұлы қазақ баласы туралы тағы бір естелік болып қаларына сенімдіміз», — деді Қаныш Сәтбаевтың немерелері Әлима Жармағамбетова және Александр Третьяков.

Түсірілім нысандарын безендіру үшін көп жұмыс жасалған. Павильондарда Қаныш Сәтбаев өмір сүріп, еңбек еткен жерлерді егжей-тегжейлі көрсеткен орындар, кеңселер, пәтерлер, зертханалар салынған. Қарсақпай ауылында тұтас ғимараттарды сол дәуірге сәйкестендіріп жөндеуге тура келген. Атмосфераны қалпына келтіру үшін сахналық және қойылымдық жабдықтарды Қазақстанның түкпір-түкпірінен іздеуге көп уақыт кеткен.

«Қаныш аға туралы бұл фильм баяғыда жарыққа шығуы керек еді. Ама! не, ештен кеш жасқсы дегендей, жуырда жасалып, көптен күткен көрерменнің көзайымына айналып отыр. Фильмнің бағасын көрермен айтар... Мен өзім осы туындының дүниеге келгеніне қуаныштымын! Шамам келгенше көмектестім. Көрерменге ой салар, жұмыры ұзақ туынды болсын! Қаныш ағаның тағдыры, өмір жолы, атқарған еңбегі, барлығы — халқымыз үшін әрқашанда өнеге!», — деп атап өтті «Қазақтың Қанышы» кітабының авторы, қаламгер Медеу Сәрсек.

Шығармашылық топ Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын зерттеуге көп көңіл бөлген. Түсірілім жұмыстары оның туып-өскен, өмір сүрген және еңбек еткен жерлерінде өткен. Телехикаяны жасаушылар ең алдымен, Алматыда ғалымның туған-туысымен кездескен. Солардың батасын алып, жұмысқа кірісіп, сериал шыққан соң, ғалымның жақындарынан Алғыс хат алған.

Сондай-ақ, шығармашылық топ мүшелеріне Қаныш Сәтбаевтың кәсіби қызметінің ерекшеліктерін жан-жақты зерделеуге тура келген. Фильмде жынысөзек өндіретін ағылшынның «Крепиус» аппараты қолданылған. Өндірісті барынша шынайы етіп көрсету үшін түсірілім тобы «Қазақмыс» зауытына барып, нағыз бұрғылау процесін бақылаған. Содан кейін суреткерлер тобы түсірілім кезінде қолданылатын осы кәсіби геологиялық жабдықты басынан соңына дейін қайталап жасап шығарған.

Ұлы тұлғамыздың ұлағатты өмірінен хабардар ететін көркем туындыны Алматы қаласының барлық кинотеатрларынан тамашалай аласыздар. Отандық фильмді қолдауға асығайық!

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ЖЕЛАЯҚ ҚЫЗ
АЛТЫН ИЕЛЕНДІ

Қазақтың жеңіл атлет спортшысы Кристина Овчинникова Чехияда өткен Athletics Indoor World Tour – Silver ірі турнирінің жеңімпазы атанды.



Ұлттық Олимпиадалық комитеттің мәліметінше, ол биіктікке секіруден алтын медаль жеңіп алды. Желаяқ қызымыз үздік әрекетте 190 сантиметрде өнер көрсетті. Екінші орын украиналық Юлия Чумаченкоға (187 см) бұйырды. Үшінші орынды чех спортшысы Микаэла Хруба (187 см) иеленді.

Біздің спортшылар бұған дейін де жеңіл атлетикадан табыстан кенде емес болатын. Бірақ бұл жолғы жеңісті жақындатуда Кристинаның еңбегі зор. Тыңғылықты дайындық пен қарсыластарының ыңғайын байқап әрекет етті. Әйтпесе, мұндай жүгіру сәтінде аяғы қайырылып, тобығы сынатындар аз емес. Абырой болғанда, ондайдан аулақ болды. Ең бастысы, сәтін салып, жеңіс тұғырынан көрінді.

ФУТБОЛ

ЖЕРЕБЕ АНЫҚТАЛДЫ

Футболдан жастар құрамалары арасындағы 2025 жылғы Еуропа біріншілігі іріктеу сатысының жеребесі тартылды. Жеребе тарту рәсімінде жеті топта алты құрама топтасса, екеуінде бесеуден жасақталған.



Қазақстандық футболшылар В тобында сынға түседі. Қарсыластары – Венгрия, Шотландия, Мальта, Бельгия және Испания құрамалары, деп хабарлайды Inform.kz.

Турнирдің финалдық сатысына 15 құрама шығуға мүмкіндік алады. Оған жарысты ұйымдастырушы ел ретінде Словакия қосылады. Іріктеу сатысы 2023 жылдың наурыз және 2024 жылдың қараша айлары аралығында өткізіледі. Әрбір топтан жеңімпаз және үздік нәтижеге қол жеткізген үш құрама тікелей жолдама алады. Ал тобында екінші орын алған қалған алты құрама қалған үш жолдама үшін өтпелі ойындар өткізеді.

Құрамалардың топтарға бөлінуі төмендегіше:

А тобы: Италия, Ирландия, Норвегия, Түркия, Латвия, Сан Марино.

В тобы: Испания, Бельгия, Шотландия, Венгрия, Қазақстан, Мальта.

С тобы: Нидерланд, Швеция, Грузия, Солтүстік Македония, Молдова, Гибралтар.

Д тобы: Германия, Польша, Израиль, Болгария, Косово, Эстония.

Е тобы: Румыния, Швейцария, Финляндия, Албания, Черногория, Армения.

Ғ тобы: Англия, Украина, Сербия, Солтүстік Ирландия, Әзербайжан, Люксембург.

Г тобы: Португалия, Хорватия, Грекия, Беларусь, Фарер аралдары, Андорра.

Н тобы: Франция, Австрия, Словения, Босния және Герцоговина, Кипр.

І тобы: Дания, Чехия, Исландия, Уэльс, Литва.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№11 балабақшасы» МКҚК мекенгерушісі,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 162-үй.
Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 195 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№41 балабақшасы» МКҚК мекенгерушісі,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Мауленов көшесі, 58-үй.
Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 95 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№25 санаториялық бөбекжай-балабақшасы» КММ мекенгерушісі,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 1 ықшамауданы, 64А үй.
Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 2002 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 120 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№34 балабақшасы» МКҚК мекенгерушісі,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Ақсай-5 ықшамауданы, 22-үй.
Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 345 бала, оқыту тілі аралас.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№58 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК мекенгерушісі,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Таутұл-1 ықшамауданы, 39-үй.
Қызмет түрі: мектепке дейінгі білім беру, 1999 жылдан бастап жұмыс істейді, жобалық қуаты 340 бала, оқыту тілі қазақ тілінде.
Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 С.Прокофьева атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 140 үй.
Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.
 - Алматы қаласы Білім басқармасы «М.Төлебаев атындағы №5 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 54 А үй.
Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.
 - Алматы қаласы Білім басқармасы «Құрманғазы атындағы №7 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 5 ықшамауданы, 59 үй.
Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.
 - Алматы қаласы Білім басқармасы «Е.Брусиловский атындағы №9 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Приозерная көшесі, 1 А.
Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.
 - Алматы қаласы Білім басқармасы «№10 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Ключкова көшесі, 49 Г үй.
Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.
- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74 А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok.90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok.90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алату ауданы, Өжет ы/а., Өуезов көшесі, 48-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру, 1999 жылдан бері жұмыс істейді.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «№160 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алату ауданы, Қарасу ы/а., Заводская көшесі, 98-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру, 1983 жылдан бері жұмыс істейді.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» КММ басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 74/143-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру, 1999 жылдан бері жұмыс істейді.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «М.Өуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы,**
Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жароков көшесі, 18-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру, 1999 жылдан бері жұмыс істейді.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «№13 мектеп-гимназия» КММ басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 11 ықшамауданы, 36-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру, 1996 жылдан бері жұмыс істейді.
- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74А үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

Алматы қаласының Статистика департаментінің мәліметіне сәйкес, **2023 жылдың 1-тоқсанына Алматы қаласы бойынша күнкөріс деңгейінің көлемі 48171 теңге, кедейлік шегі – 33720 теңгені құрайтынын** хабарлайды.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (интернат) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Мамандандырылған «Жаңа» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 82-үй.
Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.
- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74 А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, Федченко көшесі, 2 Б үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Алмалы ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тұрғыт Озал көшесі, 30-үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Өуезов ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 11 ы.а. 36-үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Бостандық ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1-үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу ауданы, Ратушный көшесі, 131-үй.
- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74 А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дөнентаев көшесі, 32/1-үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданы» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Жетісу-2 ы.а., 79-үй.
 - Алматы қаласы Білім басқармасының «Жетісу ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» МКҚК басшысы.**
Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Ратушный көшесі, 131-үй.
- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Алматы қаласы, Абылай хан д-ы, 74 А, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: service.ok90@mail.ru.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 771 846 39 32. Электрондық адрес: service.ok90@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 8 ақпанда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Түркебаев көшесі, 4 мекенжайдағы «Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері жеке қабылдауы өткізеді.

«Юниверс-АС» ЖШС-не қатысты Алматы қаласы МАЭС-ның 2022 ж. 15 шілделегі ұйғарымымен оналту ісі қозғалды. Кредиторлар талаптарды 15.08.2022 жылға дейін Алматы қ., Мұратбаев к-сі, 23 мекенжайы бойынша береді. Эл.пошта mariyash_2004@mail.ru. Тел.: 8 701 460 17 71.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214, 60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814, 60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖУМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӨУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663
Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ӨНЕР-ӨМІР

Ардақ ИСАТАЕВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Танымал әнші Ардақ Исатаева дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген саусақпен санарлық өнерпаздардың бірі. Бүгінде кемеліне келген әнші кезінде эстрадаға емес, дәстүрлі өнерге не үшін бет бұрғаны туралы жиі еске алып отырады. Халқымыздың інжу-маржанына айналған дәстүрлі өнерге деген қызығушылығының оянуына ең алдымен анасының ықпал еткенін айтады.



Рая
ЕСКЕНДІР

– Менің өнердегі алғашқы мектебім – өзімнің туып-өскен үйім болды. Ал осынау өнер жолына келуіме анамның әсері күшті болды десем, артық айтқандық емес. Сонау үш-төрт жасымнан бастап, анам қамыр жайса болды, оқтауына жар-масады екенмін. Есік алдында көлденең жатқан таяқты көрсем, домбыра қып тартады екенмін. Сосын үйді басыма көтеріп ән салатыным есімде қалыпты. Жеті жасқа келгенде нағыз өнерге бет бұрдым. Оған себеп – бізбен көршілес Хадиса деген апа тұрды. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын, нағыз шығармашылықтың адамы еді. Домбыраны дәулескер күйшілерден кем тартпайтын. Домбыраны тартқанына қызығып, кейде сол кісінің үйінде ұйықтап қалған да кездерім болған. Ақыры сол кісіден домбыра тартуды үйрендім ғой.

Содан күн демей, түн демей домбыраны тыңқылдатып, нотасыз-ақ үйреніп алған едім. Ең алғашқы үйренген күйім – «Ата толғауы». Артынша тағы бірнеше күйді үйреніп алдым. Содан не керек, 3-сыныптан бастап музыка мектебінде оқығым келгенде, «жасың кіші» деп қабылдамай қойғаны. Сондағы жылағанымды көрсеңіз. Ақыры өнерге деген құштарлығым жеңіп, 4-сыныптан бастап музыка мектебінің домбыра сыныбына қабылдандым. Мен оқыған мектептің директоры, есімі елге белгілі балалар жазушысы Пернебай Дүйсенбин деген азамат еді. Кезінде Ақселеу Сейдімбек, Жәнібек Кәрменовтермен жақын араласып, бірге жүрген кісі. Өзі де өнерге жақын болған соң менің бойымнан да таланттың ұшқынын байқаса керек. Сол кісі мені өнерге баулып, мектепте өтетін концерттерге қатысуыма көп ықпал етті. Ауыл сахнасында жиі өнер көрсетіп, еркін төселіп алдым.

Тіпті, қыза-қыза айтысқа да қатыса бастағаным бар. Менің айтысым да, айтысқаным да қызық болатын. Жанынан шығаратын суырыпсалма емеспін, сосын қағазға жазып алып айтысамын. Әрине, тосыннан сауал қойған жағдайда, жауабымның дайын емес екені белгілі. Ақыры «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» демекші, табиғи ақындық болмаған соң айтысқанды қойып кеттім. Сөйтіп, әнге біржола бет бұрдым. Көбіне Пернебай ағай еңбек, сурет сияқты сабақтардан сұрап алып, маған Манарбек Ержановтың әндерін тыңдататын. Сосын маған «осы кісілердің орындаушылық мәнерін үйрен» дейтін.

«Бірде мектепке аудандық Мәдениет үйінің директоры Рәтбек Сүлейменов деген кісі келді. Ауыл арасынан талантты, өнерлі балаларды іздеп жүрген беті болса керек. Ән айтуға ебі бар-ау деген балалардың басын қосып, шетінен тыңдай бастады. Осы кезде Пернебай ағай шеткері тұрған мені нұсқап, «міне, нағыз өнерлі осы бала» деп ортаға тартты. Менің өнердегі тұсауым осылай кесілген еді», – деп еске алады танымал әнші.

– Менің өнер жолымда жақсы кісілер көптеп кездесті. Сол кісілердің шапағатын көрдім. Үлкен кісілерден бата алдым. Сонау мектепте оқып жүрген кезімде алғаш рет аламанға түстім. Танымал өнерпаздармен «Шырқа, даусым!»

«ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕУМЕН КЕЛЕМІН»



атты Кенен Әзірбаев атындағы облыстық байқауға қатыстым. Үлкен сынақтан сүрінбей өтіп, 3-орын алдым. Шыны керек, осы байқау менің шыңдалып, қанаттануыма көп әсерін тигізінді. Сол жылдары біздің ауылдың «Үкілі қыз» деп аталатын ансамблінің құрамында жүрген Айгүл Мақашева, Жеңіс Сопбекова үшеуіміз ауыл-ауылды аралап, малшылардың слетіне, талай концерттерге қатыстық, – дейді Ардақ Исатаева.

Шағын ауылдан бастау алған өнер сапары әнші қызды өнер жолына біржола бет бұрғызып, сонау алыс ауылдан Алматыға әкеледі. Табиғат берген дарынының арқасында үлкен өнер ордасынан бір-ақ шықты.

– Ұстазым Пернебай ағай үнемі «Алматыға барсаң, Жәнібек Кәрменов деген әнші ағаң бар. Сол кісінің класына түссең ғой», – деп отыратын. Бірақ мен ол кісіні көре алмадым. Көлік апатынан 1992 жылы қайтыс болып, ол кісінің орнына келген Бекболат Тілеухановтың сыныбына қабылдандым. Жалпы, мені Алматыға, осынау өнердің қарашаңырағы атанған Құрманғазы атындағы консерваторияға Сәуле Жанпейісова алып келді. Ол кісі бірден «Арқа мектебіне барғаның жөн» деп ақыл-кеңесін берді. Алғашқы кездерде есімдеріне сырттай қанық талай тарланды тірідей көріп, қайран қалғаным есімде. Студент кезімнен бастап концерттерге қатыса бастадым.

1997 жылы Президент оркестрі құрылып, бір жылдай жұмыс істедім. Қабырғасында ғасырдың үні қалған іргелі оқу ордасын бітірген соң, 1998 жылы алғаш рет Қарағандыда өткен Ж.Елебеков атындағы республикалық конкурста қатыстым. Талай талант қатысқан байқауда бірінші орынды иеленіп, лауреат атандым. Содан 2000 жылы қырғыздың Ош қаласында өткен үлкен халықаралық фестивальге қатыстым. Бас байгеге темір тұлпар тіккен екен. Маған бұйырды.

Сол кезде қалалық Мәдениет департаментін басқарған Есмұқан Обаевқа менің өнерім ұнаса керек. Бірден жөн сұрасып, таныса бастады. Оқу бітірген жас маман екенімді, жұмыстың да сәті түспей тұрғанын жеткіздім. Бірден «Гүлдер» ансамбліне жұмысқа шақырды. «Айналайын, сен сол ансамбльге келсеңші. Қапаш Құлышевадан басқа дәстүрлі әнші жоқ», – деп, ұсыныс білдірді. Кілең танымал өнер иелері қанаттанған «Гүлдердің» құрамында жүріп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде, шетелдің бірнеше мемлекетінде болдым. Сондағы бір байқағаным, біздің бай мәдениетімізге шетелдіктердің ілтипатының тым айрықша екендігі. Ерекше құрметпен қарайтыны болды. Дәстүрлі өнерімізді дәріптеп, Американың он штатында болып, Франция, Италия, Испания, Швейцария, Қытай, Сингапур, Үндістан, ТМД мемлекеттерін түгел аралап шықтым. «Отырар сазы» мен Құрманғазы оркестрімен талай өнер сапарында болдым.

Айтпақшы, оқу бітіргелі жатқанымда Шамғол Қажығалиев Қарағандыдағы Тәттімбет оркестріне жеке әнші етіп шақырды. Әрі-сәрі күйде қалдым. Қарағандыда туысым жоқ, ешкімді танымаймын. Қалай болар екен деп көп ойландым. Дәл осы кезде Бекболат ағай Мәдениет министрінің орынбасары болып, мені орнына шақырды. «Консерваторияға менің орныма оқытушы болып қалсаң» деп қолқа салды. Содан бері қаншама уақыт өтті. Сонау 23 жасымнан бастап, күні бүгінге дейін еңбек етіп жатқан жайым бар.

Осынау жылдар ішінде талай шәкіртті тәрбиелеген екенмін. Ең бірінші шәкіртім болған Ерлан Рысқали бүгінде танымал әнші. Қазір сахнада жүрген Қазбек Әдікеев, Құралай Шахметова, Есбол Шман, Талғат Әбуғазы, Әйгерім Жақсыбек, Перизат Майсаров, Амангелді Күзеубай бар, сосын филармонияда, өнер колледждерінде, музыка мектептерінде жүрген шәкірттерім қаншама. Шүкір, бәрі дәстүрлі өнердің туын асқақтатып, елге қызмет етіп келеді.

ТҰСАУКЕСЕР

ЖАС АҚЫНДАР ӨЛЕНДЕРІ өзбек тіліне аударылды



Ұлттық кітапханада «Жүз өлең» жобасы бойынша өзбек тіліне аударылып жарық көрген туындының тұсаукесері өтті.

Іс-шара Ұлттық кітапхана жанындағы «Жас қалам», «Әдебиет әлемі» бірлестігінің жетекшісі Мұратхан Шоқанның басамасымен ұйымдастырылды. Кітапқа Қазақстанның 20 жас ақынының өлеңдері енген.

Мәдени шараға Өзбекстанның Қазақстандағы елшісі Саидикром Ниязходжаев, Бас консулы Абдор Фатхуллаев, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, белгілі меценат Ұзақбай Айтжан, Алматы қаласы Мәдениет басқармасынан Арман Қалыбеков, Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы Абай Арап, Алматы Қоғамдық даму басқармасының Алматы және Жетісу аудандары бойынша аумақтық бөлімінің басшысы Асылбек Сатаев, Алматы қаласы білім бөліміне қарасты Наурызбай ауданы білім бөлімінің басшысы Салтанат Құсайынова, №187 балабақшаның меңгерушісі Фарида Омарбекова, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, кітапханашылар, «Тұлға-достық» клубының мүшелері – Арман Сарынов, Алматы теміржол көлігі колледжінің директоры Алмас Айдар қатысып, тілектерін айтты.

Өлеңдері өзбек тіліне аударылған

ақындар Жангелді Немеребай, Арайлым Мұраталиева, Ұлан Ысқақ жыр оқыды.

Кешке келген қонақтар қазақ және өзбек әдебиеті өкілдерінің бір-бірімен қарым-қатынасына куә болып, екі бауырлас елдің достығының тереңдей түсуіне тілеулерін жеткізді. Өзбекстанның елшісі Саидикром Пархатович Ниязходжаев екі ел байланысына баяғыдан ақын-жазушылардың үлесінің зор екенін, бұл үрдістің жастар арасында жалғасын тауып жатқаны қолдайтын іс екенін, ақын-жазушыларға құрмет – халыққа құрмет екенін тілге тиек етті.

Кітапхана директоры Бақытжамал Оспанова қонақтарға құрмет көрсетіп, кітап тарту етті. Ақын Мұратхан Шоқанды кітапхананың «110 жылдығы» медалімен марапаттады.

Мұратхан Шоқан сөз алып, «Юз шеър» кітабын шығарған Өзбекстан Жазушылар одағының төрағасы, халық шайыры Сирожиддин Сайиидка, ақын Надыр Жанұзақ, Фахриддин Хиятқа алғыс білдірді. Алатау баурайындағы кітапханада өткен тұсаукесер халықтың ақындарға көрсеткен зор құрмет-ықыласының көрінісі іспетті болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».